12.11.2026 ж. № 61-02-01/621
Сауда-саттықты өткізу жөніндегі
Комиссия отырысының хаттамасымен
БЕКІТІЛДІ

Жылжымалы мүлікті сату бойынша
АУКЦИОНДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1. Аукционның жалпы қағидалары мен шарттары

1.1. Осы тәртіп Директорлар кеңесінің 03.12.2024 ж. № 18 шешімімен бекітілген «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ жылжымалы мүлкін сатудың қолданыстағы Ережелерін орындау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

Осы Тәртіппен көзделмеген барлық жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алу қажет.

1.2. Аукционды ұйымдастырушы:

«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы.

ШҚО Әділет департаменті Өскемен қаласының Әділет басқармасында 26.10.2004 ж. № 1725-1917-01-АО заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік, БСН 941040000097. Заңды мекенжайы: 070005, Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 102.

1.3. «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – Ұйымдастырушы) жылжымалы мүлікті сату бойынша ағылшын әдісімен (бағаны көтеру шарттарында) аукцион нысанында сауда-саттықты ұйымдастырады және өткізеді. Аукцион қатысушылардың құрамы және ұсыныстар беру нысаны бойынша ашық болып табылады.

Жылжымалы мүлік 12 лоттарымен өткізіледі (бұдан әрі – Сату объектісі).

1.4. Сауда-саттық шарттары сауда-саттықты өткізу жөніндегі комиссия отырысының 12.11.2026ж. № 61-02-01/621 Хаттамасымен айқындалған:

Ағылшын әдісі бойынша аукцион нысанындағы ашық сауда-саттық түрі (бағаны көтеруге);

Ашық сауда-саттықты өткізу күні **03.12.2026 ж. сағат 14-00-де;**

Аукционға қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі **27.11.2026 ж. сағат 16-00-ге дейін**, келесі мекенжай бойынша: Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 102, 500-корпус, 417 кабинет (емхана ғимараты);

Ашық сауда-саттықты өткізу орны: **Өскемен қ., Абай д-лы, 102, 500-корус, оқу сыныбы**.

Сауда-саттыққа қойылатындар:

Лот №	САП нөмірі	Атауы, маркасы	Қалдықтардың түрі, қалдықтардың коды	Өлш. бірл.	Саны*	Бірліктің бастапқы бағасы, ҚҚС-сыз теңге	Объектінің бастапқы құны, ҚҚС-сыз теңге	Бағаны көтеру қадамы объектінің бастапқы бағасынан 5%, теңге	Кепілдік жарна объектінің бастапқы құнынан 5%, теңге	Қалдықтардың қысқаша сипаттамасы состояния
1	241300072659	Үстел үстіне қойылатын бұрғылау станогы, НС-12А	-	дана	1,000	59 719,00	59 719,00	2 985,95	2 985,95	бөлшектелген түрде
2	241300073020	Жануыштау станогы	-	дана	1,000	268 734,00	268 734,00	13 436,70	13 436,70	бөлшектелген түрде, аспалы жабдық жоқ
3	241300072986	Үстел үстіне қойылатын бұрғылау станогы, 2М112	-	дана	1,000	68 023,00	68 023,00	3 401,15	3 401,15	бөлшектелген түрде
4	242300000088	УАЗ-2206 МИКРОАВТ. F014DZ	-	дана	1,000	609 594,00	609 594,00	30 479,70	30 479,70	жарамды
5	242300000160	TOYOTA AVENSES 1.8 M/T Автомобилі F008FZ	-	дана	1,000	2 457 085,00	2 457 085,00	122 854,25	122 854,25	жарамды
6	241300071941	Токарлық бұрама жасайтын станок	-	дана	1,00	369 688,00	369 688,00	18 484,40	18 484,40	Жұмыс істемейді. Жартылай бөлшектелген. күміс 27,4284

		1К62*710								
7	2413000 71973	ЖОНУ СТАНОГЫ 1К62	-	дана	1,00	369 688,00	369 688,00	18 484,40	18 484,40	Жұмыс істемейді. Жартылай бөлшектелген.
8	2413000 71775	ОРТАЛЫҚСЫЗ ТЕГІСТЕЙТІН СТАНОК.3Ш-182	-	дана	1,00	224 752,00	224 752,00	11 237,60	11 237,60	Жұмыс істемейді. Жартылай бөлшектелген.
9	2413000 72000	АТПР-2М-12СН1 СТАНОГЫ	-	дана	1,00	218 211,00	218 211,00	10 910,55	10 910,55	Жұмыс істемейді. Жартылай бөлшектелген. күміс 103,742
10	5000016 451	Лом электротехнический	Есептен шығарылған жабдықтан алынған электр және электрондық жабдықтардың қалдықтары, құрамдас бөліктер 16 02 16	к	120,00	153,00	153,00	7,65	918,00	Есептен шығарылған электрондық көбейту-көшіру жабдығынан алынған қалдықтар
11	5000017 406	Лом платиноородиевых термопар	Есептен шығарылған жабдықтан алынған компоненттерді құрайтын электр және электронд	г	82,392	2 077,13	2 077,13	103,86	8 556,95	өндіріс қалдықтары

			ық жабдықтардың қалдықтары 16 02 16							
12	5000016431	Масло отработанное	Гидравликалық май қалдықтары 13 01 13*	к	8 020,00	37,00	37,00	1,85	14 837,00	Вакуумдық сорғыларды пайдалану барысында пайда болған пайдаланылған вакуумдық/индустриялық май. Уақытша сақтау ыдыстарында, бөшкелерде V=200л.

*2026-2027 жылға жоспарланған мәндер

1.5. Сатып алу-сату шартының үлгілік талаптары Шарттың жобасымен белгіленеді (№4 қосымша).

1.6. Аукцион жеңімпазын таңдау критерийі аукцион нысанындағы сауда-саттық объектісі үшін ең жоғары баға болып табылады.

1.7. Ұйымдастырушы аукцион өткізу туралы хабарламаны облыстық маңызы бар БАҚ-тың бірінде алғашқы ақпараттық хабарлама шыққан сәттен бастап аукцион өткізілгенге дейін кемінде күнтізбелік 15 күн бұрын жариялайды.

БАҚ-тағы ақпараттық хабарламада: қысқаша сипаттамасы бар сауда-саттық нысанасы, сауда-саттықты өткізу күні, сауда-саттықты өткізу орны, анықтама үшін телефон болуы тиіс.

2. Анықтамалар

2.1. Ұйымдастырушы/аукционды ұйымдастырушы/Қоғам – «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы.

2.2. Сату объектісі/Объект – Қоғамға тиесілі жылжымалы мүлік.

2.3. Аукцион - белгіленген қағидалар мен рәсімдер бойынша жария түрде өткізілетін сауда-саттық нысаны, онда Қоғам аукцион затын ол үшін ең жоғары баға ұсынатын аукционға қатысушыға сатуға міндеттенеді.

2.4. Сауда-саттықтың ағылшын әдісі - бұл ең жоғары бағаны ұсынған бір қатысушы қалғанға дейін бастапқы баға алдын-ала жарияланған қадаммен көтерілетін сауда әдісі.

2.5. Аукционшы – аукционды жүргізетін Қоғамның жұмыскері.

2.6. Үміткер - аукционға қатысу үшін атынан өтінім берілген заңды және/немесе жеке тұлға;

2.7. Аукционға қатысушы - аукционға қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша Үміткер ретінде тіркелген және сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия сауда-саттыққа жіберген заңды және/немесе жеке тұлға.

2.8. Бастапқы баға - әрбір сату Объектісі бойынша сауда-саттық басталатын баға.

2.9. Ең төменгі баға - сату Объектісі сатылмайтын бағадан төмен баға

2.10. Кепілдік жарна - сауда-саттыққа қатысу үшін қатысушының төлем қабілеттілігіне кепілдік беретін ақшалай жарна.

2.11. Сату бағасы - сауда-саттық нәтижесінде ұсынылған сату Объектісінің соңғы бағасы. Сату бағасы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сатып алу-сату шартында тіркеледі.

2.12. Сату бағасы - сауда-саттық нәтижесінде ұсынылған сату Объектісінің соңғы бағасы. Сату бағасы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сатып алу-сату шартында тіркеледі.

2.13. Сатып алушы - сатып алу-сату шартында тарап ретінде әрекет ететін сату Объектісін сатып алатын жеке немесе заңды тұлға.

2.14. Сауда-саттықты өткізу жөніндегі комиссия - сауда-саттықты өткізетін Қоғам жұмыскерлерінің қатарынан құрылған комиссия.

3. Аукционға қатысушыларға қойылатын талаптар

3.1. Осы Тәртіптің 3.2-тармағында аталған адамдарды қоспағанда, меншіктің ұйымдық-құқықтық нысанына, орналасқан жеріне, сондай-ақ капиталдың шыққан жеріне қарамастан кез келген жеке тұлға немесе заңды тұлға аукционға қатысушы бола алады.

3.2. Сауда-саттыққа қатысуға өтінім қаралған күні заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер аукционға қатысушылар бола алмайды:

– Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің веб-сайтында (сілтеме бойынша: https://websfm.kz) орналастырылған Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде және/немесе Террористік әрекетке қатысы бар

тұлғалардың тізімінде (ұйымның немесе жеке тұлғаның террористік әрекетке қатысы болуы мүмкін екендігі туралы шет мемлекеттердің өтініштері, өзара мұздату жөніндегі тізімдер) тұрған адамдар;

- кәмелетке толмағандар;
- әрекетке қабілетсіз;
- төлем қабілеттілігін қалпына келтіру процесіндегі тұлғалар;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуы Объектіні іске асырудың шарты болып табылатын қызмет түрлерімен айналысуға құқығы жоқ заңды тұлғалар;
- сауда-саттықты ұйымдастырушылар;
- сатып алу-сату шартын жасасу және/немесе орындау бойынша тиісті міндеттемелерін орындамаған Қоғам Объектілерін сату жөніндегі алдыңғы сауда-саттықтардың жеңімпаздары. Бұл жағдайда сауда-саттыққа рұқсат сауда-саттықты өткізу жөніндегі комиссияның шешімі бойынша берілуі мүмкін;
- Қоғамның лауазымды тұлғалары, сауда-саттық өткізу жөніндегі комиссияның мүшелері, сондай-ақ олардың үлестес тұлғалары.

3.3. Сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия үміткердің аукцион нысанында ашық сауда-саттыққа қатысуына жол бермеу мақсатында осы Тәртіптің 3.2-тармағында көрсетілген негіздердің болу фактісі анықталған жағдайда, оны өткізудің кез келген кезеңінде үміткерді аукционға қатысудан шеттетуге құқылы.

4. Аукционға қатысу шарттары

4.1. Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін аукционға қатысуға ниет білдірген тұлғаға (бұдан әрі - Үміткер) қажет:

4.1.1. Осы Тәртіптің 6.3-тармағында көрсетілген деректемелер бойынша кепілдік жарна ретінде **27.11.2026 ж. сағат 16-00-ге** дейін ақшалай қаражат енгізу.

4.1.2. Ұйымдастырушының хатшысына аукцион нысанындағы сауда-саттықты өткізу туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген мерзім ішінде Үміткер немесе оның өкілетті өкілі қол қойған белгіленген нысан бойынша өтінім (№ 1-қосымша), сондай-ақ Тізбеге сәйкес құжаттар жиынтығын (№ 2- қосымша) ұсыну.

4.2. Үміткер аукцион нысанында сауда-саттыққа қатысуға бір өтінімнен артық өтінім бере алмайды.

4.3. Өтінімді Ұйымдастырушы құжаттар жиынтығымен қабылдайды. Құжаттар жиынтығынсыз келіп түскен өтінімдер Үміткерлерге (немесе олардың өкілдеріне) қолхатпен қайтарылады. Өтінімде қабылдаудан бас тарту туралы белгі қойылады.

4.4. Құжаттар топтамасы бар Өтінім Үміткермен не оның өкілетті өкілімен қол қойылған 2 (екі) данада Үміткермен жасалады. Даналардың бірі Ұйымдастырушыда, екіншісі Үміткерде қалады.

4.5. Оған қоса берілген құжаттары бар өтінімді Ұйымдастырушының хатшысы әрбір өтінімге нөмір бере отырып және өтінім мен құжаттарды қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып тіркейді.

4.6. Аукционға қатысуға өтінімдерді қабылдау 070005, Өскемен қаласы, «ҮМЗ» АҚ, Абай даңғылы, 102, 500- корпус, 417 кабинет мекенжайы бойынша **27.11.2026 ж. сағат 16-00-ге дейін** «Аукционға қатысу үшін» деген белгімен жүзеге асырылады.

4.7. Құжаттарды толық ұсынбау немесе осы Тәртіппен белгіленген нысандар мен өзге де талаптардан ауытқуы бар құжаттарды ұсыну, сондай-ақ ұсынылған құжаттарда Үміткер туралы анық емес мәліметтердің болуы осы Тәртіптің талаптары мен шарттарын елеулі түрде бұзу болып саналады және өтінімді қабылдамау үшін негіз болады.

4.8. Құжаттар топтамасы бар өтінімді ұйымдастырушының хатшысына үміткер жеке өзі немесе оның өкілі, немесе үміткердің немесе оның өкілінің жеке қатысуынсыз пошта арқылы ұсынылады.

Құжаттарды осы Тәртіппен белгіленген нысандар мен өзге де талаптарға сәйкестігіне салыстырып тексеруді сауда-саттық өткізу жөніндегі Комиссияның хатшысы жүргізеді.

4.9. Ұйымдастырушы Үміткерден аукционға қатысуға өтінім алғаннан кейін Комиссия хатшысы Үміткерді осы Тәртіппен таныстыруды қамтамасыз етеді, ол оны сақтау бойынша міндеттемелерді жазбаша қабылдайды.

4.10. Ұйымдастырушының аукцион нысанындағы сауда-саттық рәсімін тоқтатуға және **03.12.2026 жылғы сағат 14-00-ден кешіктірмей** барлық өтінімдерден бас тартуға құқығы бар. Көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде аукционды Ұйымдастырушы барлық Үміткерлерге тиісті хабарламалар жібереді, аукционнан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Үміткерлерге кепілдік жарна қайтарылады.

4.11. Аукцион нысанында ашық сауда-саттыққа қатысуға өтінім құрамында ұсынылған құжаттар Үміткерге қайтарылмайды.

5. Сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді өзгерту және кері қайтарып алу

5.1. Үміткер аукцион нысанында сауда-саттыққа қатысуға өзінің өтінімін өзгертуге немесе кері қайтарып алуға құқылы. Сауда-саттыққа қатысуға өтінімді өзгерту немесе оны кері қайтарып алу туралы хабарлама, егер мұндай өзгеріс немесе осындай хабарлама аукцион нысанындағы сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін сауда-саттық өткізу жөніндегі комиссияға келіп түскен болса, жарамды болып есептеледі.

5.2. Өтінімді өзгерту оны толық ауыстыру жолымен жүзеге асырылады.

Өтінімді өзгерту үшін өтінім берген Үміткер не оның өкілі өтінімді және жаңа өтінімді алғаны туралы қолхаттың түпнұсқасын қоса бере отырып, өтінімді өзгерту туралы өтінішпен өтініш берушінің жазбаша өтінішін комиссияға ұсынуы тиіс.

Жаңа өтінімді осы Тәртіптің 4.5-тармағының шарттарына сәйкес сауда-саттық өткізу жөніндегі комиссияның хатшысы тіркейді.

Ауыстыруға жататын өтінімде сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссияның хатшысы «Қараудан алынды» деген жазу жасайды.

5.3. Өтінімді кері қайтарып алу үшін өтінім берген Үміткер не оның өкілі өтінімді тіркеу туралы белгісі бар өтінімді кері қайтарып алуды сұрап, Үміткердің жазбаша өтінішін ұсынуы тиіс.

Үміткер кері қайтарып алған өтінімде Комиссия хатшысы «Қараудан алынды» деген жазу жасайды.

Аукционды ұйымдастырушы осы Тәртіпке сәйкес өтінімді кері қайтарып алған Үміткерге кепілдік жарнаны Үміткердің деректемелерін көрсете отырып, кепілдік жарнаны қайтару туралы Үміткердің өтініші негізінде аукционды Ұйымдастырушыға аукционға қатысуға өтінімді кері қайтарып алу туралы хабарлама келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтаруға міндетті.

6. Аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету

6.1. Үміткер өз өтінімінің құрамында сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарна ретінде ақшалай қаражаттың енгізілгенін растайтын құжаттарды ұсынады. Кепілдік жарнаны Үміткер осы Тәртіптің 6.3-тармақшасында көрсетілген есеп айырысу шотына өтінімдерді қабылдау аяқталған күн мен уақыттан кешіктірмей аударуы тиіс.

6.2. Сатып алу-сату шартын жасасу жөніндегі міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етуге енгізілетін кепілдік жарна осы Тәртіптің 1.4-тармағына сәйкес белгіленеді және:

*2026-2027 жылға жоспарланған мәндер;

6.3. Өтінімді қамтамасыз ету ретінде ақша қаражатын аудару үшін деректемелер:

ЖСК KZ 756010151000014503 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ШҚ ОФ БСК HSBKKZKX, БСН 941040000097, КБе 17, КНП 171. Төлем мақсаты: «Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна _____(сауда-саттық күнін көрсету) Лот(тар) № ____».

6.4. Талап етілетін құжаттар топтамасынсыз ұсынылған өтінім осы Тәртіптің талаптары мен шарттарын елеулі түрде бұзу болып саналады, бұл сауда-саттыққа қатысуға өтінімнің қабылданбауына әкеп соғады.

6.5. Аукционды ұйымдастырушы сатып алу-сату шартын жасасудан жалтарған жағдайда, кепілдік жарна ретінде енгізілген ақшалай қаражатты аукцион жеңімпазына қайтармайды.

6.6. Аукционды Ұйымдастырушы аукцион нәтижелері туралы Хаттамаға қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) банктік күн ішінде сату Объектісі бағасының номиналы бойынша соңғы ұсыныс жасаған аукционға қатысушыны қоспағанда, аукционға қатысқан, бірақ жеңімпаз атанбаған Үміткерлерге кепілдік жарнаны қайтаруға міндетті.

Егер осы Тәртіпке сәйкес Комиссия сату Объектісінің бағасы туралы соңғы ұсыныс жасаған аукционға қатысушымен сатып алу-сату шартын жасасу туралы шешім қабылдаған жағдайда, аталған аукционға қатысушы шарт жасасудан жалтарған кезде осындай қатысушы енгізген кепілдік жарна қайтарылмайды.

6.7. Сатып алу-сату шартына қол қойған аукцион Жеңімпазына кепілдік жарна қайтарылмайды, бірақ Жеңімпаздың Ұйымдастырушымен түпкілікті есеп айырысуы кезінде мәміленің жалпы сомасына есептеледі.

6.8. Егер қатысушы аукционға қатыспаған немесе алдын-алы хабарламастан аукционға қатысудан бас тартқан жағдайда кепілдік жарна қайтарылмайды.

6.9. Аукционды Ұйымдастырушы осы Тәртіптің 6.10-тармағының шарттарына сәйкес аукционға қатысуға өтінімдерді қарау хаттамасына қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде аукционға қатысуға жіберілмеген Үміткерге кепілдік жарнаны қайтаруға міндетті.

7. Өтінім беруші компанияның қорытындыларды шығаруы

7.1. Өтінімдерді қабылдау тоқтатылған сәттен бастап 3 (үш) күн ішінде (яғни **02.11.2026 ж. сағат 16-00-ге** дейінгі мерзімде) сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия Үміткерлердің өтінімдері мен құжаттарын аукцион туралы Тәртіппен белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды, Үміткерлерден тиісті шоттан үзінді көшірме негізінде кепілдік жарналардың түсу фактісін белгілейді. Өтінімдер мен құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Комиссия үміткерлерді аукционға қатысушылар деп тану немесе Үміткерлерді аукционға қатысуға жіберуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

7.2. Өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша Комиссияның Үміткерлерді аукционға қатысушылар деп тану туралы шешімі отырысқа қатысып отырған сауда-саттықты өткізу жөніндегі комиссияның барлық мүшелері қол қоятын аукционға қатысуға өтінімдерді қарау Хаттамасымен ресімделеді. Үміткер аукционға қатысуға өтінімдерді қарау Хаттамасы ресімделген сәттен бастап аукционға қатысушы мәртебесіне ие болады. Аукционға қатысуға өтінімдерді қарау Хаттамасында Үміткерлердің есімдері (атаулары) көрсетілген қабылданған өтінімдердің тізбесі, кері қайтарып алынған өтінімдердің тізбесі, аукционға қатысушылар деп танылған Үміткерлердің есімдері (атаулары), сондай-ақ бас тарту негіздері көрсетіле отырып, аукционға қатысуға рұқсат беруден бас тартылған Үміткерлердің есімдері (атаулары) келтіріледі.

7.3. Аукционға жіберілген қатысушы аукцион басталғанға дейін аукциондық нөмірді қол қойғызып алады.Егер өкілдің өкілеттігі тиісті түрде куәландырылған болса, аукциондық нөмірді жеке өзі де, өкіл де пайдалана алады.

8. Аукционды өткізу шарттары мен тәртібі

8.1. Аукционға тек аукционға қатысушылар деп танылған Үміткерлер қатыса алады. Аукционды ұйымдастырушы аукционға қатысушыларға аукционға тікелей немесе өз өкілдері арқылы қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

8.2. Аукцион аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген күні, уақытында және орнында аукциондық Комиссия мүшелерінің және аукционға қатысушылардың (олардың өкілдерінің) қатысуымен өткізіледі.

8.3. Аукцион Аукционшының оны өткізу қағидаларын, сату нысанасын, оның қысқаша сипаттамасын, бастапқы бағасын, бағаны өзгерту қадамын және сату Объектісін өткізу әдісін жариялауынан басталады.

8.4. Аукционшы Сату объектісінің бастапқы бағасын және бағаның өсу қадамын жариялайды. Нөмірді көтеру арқылы Аукционға қатысушылар белгіленген қадамға бағаны көтереді және неғұрлым жоғары баға ұсынады. Бұл ретте Аукционшы аукционға қатысушыларды (аукциондық нөмірлерді) әрдайым жариялайды, бағаны бекітеді және оны тағы да бір қадамға арттырады. Сауда-саттық ең жоғары ұсынылған бағаға ұсынылғанға дейін жүреді.

8.5. Сатылатын сату Объектісі үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған қатысушыны Аукционшы жариялайды. Аукционшы Сату объектісінің соңғы бағасын үш рет қайталайды және басқа көтерілген аукциондық нөмірлер болмаған кезде балға соғып, осы Сату объектісін сату туралы хабарлайды.

8.6. Жылжымалы мүлік Объектісі бойынша сауда-саттық, егер кем дегенде бір қатысушы бастапқы бағаны бағаның өзгеруінің кемінде бір қадамына көтерген жағдайда ғана өткізілді деп есептеледі.

8.7. Егер аукционға Объектінің ең төменгі бағасын баға өзгерісінің кемінде бір қадамына көтерген ең болмағанда бір қатысушы қатысса, ол өткізілді деп танылады.

8.8. Аукцион нәтижелері аукцион нәтижелері туралы Хаттамамен ресімделеді, оған сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия, Аукционшы және жеңімпаз үш жұмыс күні ішінде қол қояды. Аукцион нәтижелері туралы Хаттаманың көшірмесі жазбаша сұрау салу келіп түскеннен кейін үш жұмыс күні ішінде аукцион жеңімпазына жіберіледі.

8.9. Сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия, егер оның отырысына сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, шешім қабылдауға құқылы.

8.10. Аукцион нәтижелері туралы Хаттама аукцион нәтижелерін және Жеңімпаз бен Ұйымдастырушының объектіні сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартын жасасу міндеттемелерін тіркейтін құжат болып табылады.

Аукцион нәтижелері туралы Хаттамада келесілер көрсетіледі:

1) аукцион өткізілетін күн мен орын;
2) аукционға Қатысушылардың тізбесі;
3) аукцион өткізу әдісі;
4) Қоғам туралы мәліметтер;
5) сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия мүшелері туралы мәліметтер;
6) сату Объектісінің атауы;
7) бастапқы баға;
8) бағаны өзгерту қадамы;
9) Объект сатылған сату бағасы.
10) жеңімпаз туралы мәліметтер (ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын көрсете отырып, аукцион жеңімпазының толық атауы);
11) Тараптар сатып алу-сату шартын жасасуға міндеттенетін мерзімді қоса алғанда, сатып алу-сату шартына қол қою жөніндегі Тараптардың міндеттемелері және сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқаны үшін жеңімпаздың жауапкершілігі;
12) хаттама аукцион жеңімпазы мен Қоғам арасындағы алдын ала шарт болып табылатыны туралы ереже;

13) Егер сатып алу-сату шарты аукцион нәтижелері туралы хаттамада көрсетілген мерзімдерде аукцион жеңімпазының кінәсінен жасалмаса, Комиссия жеңімпаздан кейін ең жақсы шарттарды ұсынған қатысушыны аукцион жеңімпазы деп тануға құқылы;

14) жеңімпазбен сатып алу-сату шартын дайындау үшін елеулі маңызы бар басқа да талаптар (олар болған жағдайда).

9. Сатып алу-сату шартын жасасу тәртібі

9.1. Аукцион нәтижелері туралы хаттама Жеңімпаздың жылжымалы мүлікті (сату объектісін) сатып алу-сату шартын жасасу құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

9.2. Сауда-саттықтың жеңімпазы жылжымалы мүлікті сатып алу-сату шартын жасасу үшін аукцион нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде аукционды Ұйымдастырушыға № 3-қосымшаға сәйкес құжаттар жиынтығын ұсынады.

9.3. Аукцион Жеңімпазы сауда-саттық объектісін сатып алу-сату шартына белгіленген мерзімде қол қоюдан бас тартқан немесе жалтарған жағдайда Ұйымдастырушы сату Объектісінің бағасы туралы соңғы ұсыныс жасаған аукционға Қатысушыға сатып алу-сату шартын жасасуды ұсынуға құқылы. Комиссия осындай аукционға қатысушыға осындай аукционға қатысушы ұсынған талаптарды қамтитын сатып алу-сату шартының жобасын жібереді. Шарттың көрсетілген жобасына сауда-саттық объектісі бағасының номиналы бойынша соңғы ұсыныс жасаған аукционға қатысушы жобаны алған күннен бастап 10 (он күндік) мерзімде қол қояды және аукционды Ұйымдастырушыға ұсынылады.

9.4. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жылжымалы мүлікті өткізу бойынша айналымдарға түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын қоспағанда, ҚҚС салынады.

Қосымша:

1. № 1-қосымша «Аукционға қатысуға өтінім» 2 парақта;
2. № 2-қосымша «Үміткер аукционға қатысуға өтініммен бірге ұсынатын құжаттардың тізбесі» 1 парақта;
3. № 3-қосымша «Жылжымалы мүлікті сатып алу-сату шартын жасасу үшін Жеңімпаз ұсынатын құжаттардың тізбесі» 2 парақта;
4. № 4-қосымша «Жылжымалы мүлікті сатып алу-сату шартының жобасы» 20 парақта.

№1- қосымша

ӨТІНІМ

Объектіні сату бойынша аукционға/тендерге қатысуға _____
сату объектісінің лот нөмірі көрсетіледі

1. Объектіні сату туралы жарияланған хабарламаны қарап, және сату ережелерімен танысқаннан кейін,

_____

_____

Жеке тұлғаның Т. А. Ә, немесе заңды тұлғаның атауы және сенімхат негізінде әрекет ететін заңды тұлға басшысының немесе өкілінің Т. А. Ә.

«___» _____ 20 __ жылы өткізілетін аукционға/тендерге қатысқысы келеді, мекенжайы:

_____

2. Мен (біз) «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ жылжымалы мүлкін сату ережелерімен таныстым (таныстық) және осы Ережелердің барлық талаптарын сақтау бойынша міндеттеме қабылдаймыз.

Мен (біз) аукционға/тендерге қатысушы ретінде тіркелуге жатпайтынын білемін (білеміз):

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуы Объектіні сату шарты болып табылатын қызмет түрлерімен айналысуға құқығы жоқ заңды тұлғалар;

2) сатып алу-сату шартын жасасу және орындау бойынша тиісті міндеттемелерді орындамаған Объектіні сату бойынша алдыңғы сауда-саттықтардың жеңімпаздары;

3) Қоғамның лауазымды тұлғалары, сауда-саттық өткізу жөніндегі Комиссия мүшелері, сондай-ақ олардың үлестес тұлғалары.

3. Қатысушыға қойылатын талаптарға менің (біздің) сәйкессіздігім анықталған жағдайда, мен (біз) сауда-саттыққа қатысу құқығынан айырылатыныммен (айырылатынымызбен), аукцион/тендер нәтижелері туралы мен (біз) қол қойған хаттамамен және сатып алу-сату шартымен жарамсыз деп танылатынымен келісемін.

4. Егер мен (біз) аукцион/тендер жеңімпазы (жеңімпаздары) болып айқындалсам (айқындалсақ), аукцион/тендер нәтижелері туралы хаттамаға белгіленген мерзімде үш жұмыс күні ішінде қол қою міндеттемелерін қабылдаймын(-з) және аукцион/тендер өткізілген күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде сатып алу-сату шартына қол қоямын(-з).

5. Осы өтінім аукцион/тендер нәтижелері туралы хаттамамен бірге сатып алу-сату шарты жасалғанға дейін қолданылатын шарттың күшіне ие болады.

6. Өзім(-із) туралы мәліметтерді ұсынамын(-з):

Заңды тұлға үшін:

Атауы:

_____

БСН: _____

Басшының Т.А.Ә.:

_____

Мекенжайы:

_____

Телефон нөмірі

_____

Электрондық пошта

_____

ЖСК

_____

БСК

_____

Банк атауы

_____

Кбе _____

Жеке тұлға үшін:
Т.А.Ә.:

_____

ЖСН:

_____

Жеке тұлғаны растайтын құжат:

_____

Мекенжайы:

_____

Телефон нөмірі:

_____

Электрондық пошта

_____

ЖСК

_____

БСК

_____

Банк атауы

_____

Кбе _____

_____ _____

қолы Жеке тұлғаның Т. А. Ә, немесе заңды тұлғаның атауы және сенімхат негізінде әрекет ететін заңды тұлға басшысының немесе өкілінің Т. А. Ә.

«___» _____ 20 __ ж.

М.О.

Қабылданды «___» _____ 20 __ ж. _____ сағат _____ мин.

_____ _____

қолы Өтінімді қабылдаған тұлғаның Т. А. Ә.

№ 2- қосымша

Үміткер аукционға қатысуға өтініммен бірге ұсынатын құжаттардың ТІЗБЕСІ

Жеке кәсіпкерлер үшін:

- жеке кәсіпкердің немесе оның өкілінің төлқұжатының немесе жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі;
- ағымдағы шоттың бар-жоғын растайтын банктен анықтама;
- қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы Куәліктің көшірмесі;
- жеке кәсіпкер ретінде қызметін бастағаны туралы хабарлама;
- «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қызметтің тиісті кіші түріне қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге лицензиялар;

Заңды тұлғалар үшін:

- Директор лауазымына тағайындау туралы Құрылтайшының шешімі немесе бұйрықтың көшірмесі;
- бизнес сәйкестендіру нөмірін (БСН), бірінші басшының тегін, атын және әкесінің атын (бар болса) көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;
- қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы Куәліктің көшірмесі;
- кепілдік жарнаны қайтару үшін банктен банктік шоттың бар екендігін растайтын анықтаманың көшірмесі;
- кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі;
- заңды тұлға өкілінің өкілеттігін куәландыратын сенімхат;
- директордың не заңды тұлға өкілінің төлқұжатының немесе жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі;
- тендер өткізу кезінде - тендерлік ұсыныс;
- «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қызметтің тиісті кіші түріне қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге лицензиялар;

Қоғам сауда-саттық туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген өзге де құжаттар мен мәліметтерді сұратуға құқылы;

- пайдаланылған майды қайта қалпына келтіретін компаниямен жасалған пайдаланылған майды сатып алу-сату шарты (Заңды тұлға мәртебесі бар немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелген, бөгде ұйымдардан және жеке тұлғалардан пайдаланылған майларды жинау, оларды тасымалдау және қайта өңдеу (қалпына келтіру) процесін (үдерісін) жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін).

№ 3- қосымша

Жылжымалы мүлікті сатып алу-сату шартын жасасу үшін Жеңімпаз ұсынатын құжаттардың тізбесі

1) Заңды тұлғалар үшін:

- Жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі (барлық енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен);
- құрылтайшы немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтерді қамтитын Жарғыдан немесе құрылтай құжаттарынан нотариалды куәландырылған үзінді көшірме;
- сауда-саттық өткізілетін күнге дейін бір айдан кешіктірілмей берілген акцияларды ұстаушылар тізілімінен нотариалды куәландырылған үзінді көшірме;
- заңды тұлғаға қызмет көрсететін банктен немесе банк филиалынан анықтама берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан астам уақытқа созылатын міндеттемелердің барлық түрлері бойынша банктің немесе банк филиалының алдында мерзімі өткен берешектің жоқ екендігі туралы анықтаманың түпнұсқасы.

Егер заңды тұлға бірнеше екінші деңгейдегі банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктердің клиенті болып табылса, бұл анықтама әрбір банктен ұсынылады. Анықтама сауда-саттық өткізілетін күннің алдындағы 1 (бір) айдан ерте алынбауы тиіс;

- салық берешегінің жоқтығы туралы анықтама.

Шетелдік заңды тұлғалар қазақ және/немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасымен құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынады.

2) Жеке кәсіпкерлер үшін:

- салық берешегінің жоқтығы туралы анықтама.

Ауд. Молдаханова Д.

2026 жылғы «____»_____№____ өкімге
1-қосымша

Жылжымалы мүлікті сатып алу-сату
Шарты № _____
(талап етілмеген өтімді және өтімсіз ТМҚ, НҚ)

Өскемен қ. _____ ж.

Бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын **«ҮМЗ» АҚ,** оның атынан _____ негізінде _____ әрекет ететін _____, және

Жеке тұлғалар үшін:

бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын [«ҮМЗ» АҚ жұмыскері болып табылатын] [Жеке тұлға] _____ **[ЖСН _____]**

Заңды тұлғалар үшін:

бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын _____, оның атынан _____ негізінде әрекет ететін_____

_____ негізінде төмендегілер туралы осы Шартты жасады:

1. Шарттың мәні

1.1. Сатушы жылжымалы мүлікті сатуға, ал Сатып алушы Тауарды Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 қосымшасында көрсетілген ассортиментте, мөлшерде және баға бойынша қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

2. Шарт сомасы және есеп айырысу тәртібі

2.1. Шарттың жалпы сомасы ___% мөлшерлеме бойынша ҚҚС есебімен/есебінсіз _____ (_____) теңге, ___ тиынды құрайды.

2.2. Сатып алушы Шарттың 13-бөлімінде көрсетілген Сатушының есеп шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен Тауарды әкетудің болжамды күніне дейін 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей, осы Шартқа сәйкес 100% мөлшерде алдын ала төлем жүргізеді.

2.3. Алдын ала төлем Сатып алушының сауда-саттыққа қатысқаны үшін төлеген кепілдік жарнасы ескеріле отырып жүргізіледі.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. **Сатып алушы міндеттенеді:**

3.1.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес төлем жасауға;

3.1.2. Сатушыдан Тауардың тиеуге дайындығы туралы хабарлама алған күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде Тауарды қабылдауға және Сатушының аумағынан әкетуге. Сатушы хабарламаны Сатып алушының оны алуын қамтамасыз ететін кез келген тәсілмен (оның ішінде электрондық пошта, мессенджерлер немесе телефонограмма арқылы) жіберуі мүмкін.

3.1.3. Тауарды өзі алып кету арқылы тасымалдауға;

3.1.4. Өткізу және объектішілік режимдердің бұзылуына жол бермеуге. Мұндай бұзушылықтарға келесілер жатады, соның ішінде:

3.1.4.1 Сатып алушының және/немесе Сатып алушының жұмыскерінің/өкілінің/тасымалдаушысының Сатушының аумағында жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақытта алкогольдік, есірткілік немесе токсикологиялық мас күйде болуы, сондай-ақ күзетілетін аумаққа алкогольдік, есірткілік немесе токсикологиялық мас күйде өтуге әрекет етуі.

3.1.4.2 Сатып алушының және/немесе Сатып алушының жұмыскерінің/өкілінің/тасымалдаушысының Сатушының аумағынан рұқсат құжаттарынсыз немесе дұрыс ресімделмеген құжаттар (тауар-материалдық құндылықтардың нақты көлемі, саны және/немесе номенклатурасы ресімделген құжаттарға сәйкес келмейді, әкетуге арналған

құжаттарда толықтырулар немесе түзетулер бар) бойынша тауар-материалдық құндылықтарды әкету және/немесе шығару әрекеттері, және/немесе әкетуі және/немесе шығаруы;

3.1.4.3 Сатып алушының және/немесе Сатып алушының жұмыскерінің/өкілінің/тасымалдаушысының Сатушының күзетілетін аумағына рұқсатсыз енгізуге (әкелуге) тыйым салынған заттардың тізбесінде» көрсетілген тыйым салынған заттарды әкелу және/немесе кіргізу әрекеттері және/немесе әкелу және/немесе кіргізу (№ 2-Қосымша);

3.1.4.4 Рұқсаттаманы басқа тұлғаға беру, өтуге әрекет жасау және/немесе Сатушының аумағына жалған немесе мерзімі өткен рұқсаттама бойынша өту.

3.1.5. Тауарды қабылдағанға дейін қарап шығуға. Тауарды қарап-тексеру фактісі 3.2-тармақта көрсетілген қабылдау-тапсыру құжаттарына қол қою арқылы расталады.

3.1.6. Шарттың 3.1.4-тармақшасының талаптарын орындауы үшін жауапты болуға, оның ішінде Сатып алушының тасымалдаушысы үшін.

3.2. **Сатушы міндеттенеді:**

3.2.1. Тауардың құнын толық төлеген жағдайда Сатып алушыға ұзақ мерзімді активтерді/қорларды жіберуге арналған жүккұжатты қабылдау-тапсыру актісі бойынша Тауарды беруге;

3.2.2. Сатып алушыға ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-тапсыру актісін (ДА-1 нысаны)/қорларды жіберуге арналған жүккұжатты (3-2 нысан) беруге;

3.2.3. Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес шот-фактура жазып беруге.

Автомашиналар үшін:

3.2.4. ШҚО бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалының Халыққа қызмет көрсету жөніндегі Өскемен қаласының № 1 мамандандырылған сектор бөлімінде осы Шарттың талаптарына сәйкес Сатып алушы төлегеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Тауарды есептен шығаруға.

Арнайы техника үшін:

3.2.5. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Сатып алушы төлем жасағаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей

_____

есептен шығаруға/шартты тіркеуге қажет органның атауы

Тауарды есептен шығаруға.

3.3. **Сатып алушы құқылы:**

3.3.1. Сатушыдан Шарттың талаптарына сәйкес міндеттемелердің тиісті түрде орындалуын талап етуге.

3.4. **Сатушы құқылы:**

3.4.1. Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға (Шарттан бас тарту) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Шартта көзделген жағдайларда Шартты біржақты тәртіппен бұзуға.

3.4.2. Сатып алушы шарттық міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған жағдайларда, тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге.

3.4.3. Шартта белгіленген тәртіппен Тауарды қабылдау және әкету мерзімдерін бұзғаны үшін Шарт бойынша төлем сомасынан тұрақсыздық айыбын біржақты тәртіппен ұстап қалуға.

3.4.4. Мұндай бұзушылықтар жойылғанға дейін Шарттың 4-бөлімінде көзделген бұзушылықтарды жою уақытына Сатып алушының Тауарды әкетуін тоқтата тұруға.

3.4.5. Осы Шарттың 2-Бөлімінің қағидаларына сәйкес алдын ала төлем сомасынан Шарттың 4-Бөлімінде көзделген айыппұл санкцияларын (тұрақсыздық айыбын) біржақты тәртіппен ұстап қалуға.

3.4.6. Сатушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары шеңберінде жауап беру шараларын қабылдау үшін Сатып алушының және/немесе Сатып алушы жұмыскерінің рұқсатнамалық және объектішілік режимдерін бұзғаны туралы материалдарды арнаулы және құқық қорғау органдарына жіберуге құқылы.

3.4.7. Сатып алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартқан жағдайда сауда-саттыққа қатысқаны үшін Сатып алушы төлеген кепілдік жарнаны біржақты тәртіппен ұстап қалуға.

3.4.8. Сатып алушының алдын ала келісімінсіз Сатушының Жалғыз акционеріне құпия және өзге де қорғалатын ақпаратты беруге.

3.4.9. Жеке тұлғалар үшін:

Сатып алушы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда Шартты бұзуға.

Заңды тұлғалар және/немесе жеке кәсіпкерлер үшін:

3.4.10. Сатып алушының басқару қызметкерлері (ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша атқаратын тұлға) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда Шартты бұзуға.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

4.2. Төлем бойынша Шарт орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда Сатып алушы Сатушыға мерзімін кешіктірген әрбір күн үшін орындалмаған (тиісті түрде орындалмаған) міндеттеме сомасының _% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді.

Тұрақсыздық айыбының мөлшері шарттың жалпы сомасына байланысты қолданылады (қажетті нұсқаны таңдау)

- а) 1% (қоса алғанда шарт 5 000 000 теңгеге дейінгі сомаға жасалған жағдайда);

- б) 0,5% (қоса алғанда шарт 5 000 000 теңгеден 30 000 000 теңгеге дейінгі сомаға жасалған жағдайда);

- в) 0,3% (шарт 30 000 000 теңгеден астам сомаға жасалған жағдайда);

4.3. Тауарды әкету мерзімін бұзғаны үшін Сатып алушы әрбір кешіктірілген күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының _% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

Тұрақсыздық айыбының мөлшері шарттың жалпы сомасына байланысты қолданылады (қажетті нұсқаны таңдау)

- а) 1% (қоса алғанда шарт 5 000 000 теңгеге дейінгі сомаға жасалған жағдайда);

- б) 0,5% (қоса алғанда шарт 5 000 000 теңгеден 30 000 000 теңгеге дейінгі сомаға жасалған жағдайда);

- в) 0,3% (шарт 30 000 000 теңгеден астам сомаға жасалған жағдайда);

4.4. Міндеттемелерді орындау мерзімін өткізу кезеңі барлық міндеттемелер орындалуы тиісті күннен кейінгі күннен басталады. Мерзімін кешіктіру Шарт талаптарының толық орындалуын растайтын құжатқа қол қойылған күнге дейін аяқталады.

4.5. Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға нұқсан келтірместен Сатушы осы Шартта көзделген міндеттемелердің орындалмағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

4.6. Сатып алушы осы Шартты жасамас бұрын Тауарды тексергенін растайды. Осы Шартқа қол қойылған күні және берілген сәттегі Тауардың жай күйі Сатып алушыны толық көлемде қанағаттандырады.

4.7. Сатып алушы Тауарды Сатушыдан Сатып алушыға берген күні оны толық бақылауға алады.

4.8. Тараптардың әрқайсысы олардың іс-әрекеттерінің немесе қателіктерінің нәтижесі болып табылған шығындар, шығыстар мен шығындар бойынша талаптар үшін, адамдардың денсаулығына зиян келтіргені және қаза тапқаны үшін жауапты болады және оларды екінші Тарапқа өтейді.

4.9. Сатып алушы Сатушының аумағында қызмет көрсету кезінде «ҮМЗ» АҚ денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесінің, қоршаған ортаны басқару жүйесінің талаптарын сақтауға жауапты.

4.10. Сатушы Сатып алушының еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласында жіберген бұзушылықтарын анықтаған кезде анықталған бұзушылықтар туралы екіжақты Акт жасалады. Сатып алушы тарапынан Актіде көрсетілген мерзімде бұзушылықтарды жою жөніндегі

шаралар болмаған жағдайда Сатушы Сатып алушыға тиісті актімен анықталған және ресімделген әрбір жағдай үшін 10 (он) АЕК мөлшерінде жоюға және тұрақсыздық айыбына жұмсалған шығындар мөлшерінде залал сомасын ұсынуға құқылы.

4.11. Сатушы тиісті талаптар қойған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Сатушыға жоғалған/ бүлінген рұқсатнама құнын өтеуге.

4.12. Сатып алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда, Шарттың 7-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Сатып алушы Сатушыға орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

4.13. Өткізу және объектішілік режимдерді бұзудың әрбір жағдайы үшін Сатып алушы Сатушыға:

- Шарттың жалпы сомасының 10% - 5 000 000 теңгеге дейінгі сомаға Шарттар үшін;
- 100 АЕК - 5 000 000 теңгеден астам Шарттар үшін.

4.14. Шарттың 4.13-тармағы бойынша айыппұлды төлеу үшін Сатып алушының атына жіберілген тиісті актілер, шоттар негіз болады.

4.15. Сатып алушы Шарттың 4-бөлімінде келісілген сомаларды Сатушы Шартта көрсетілген Сатып алушының электрондық поштасына немесе заңды мекенжайына төлем шоттарын жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың 13-бөлімінде көрсетілген Сатушының есеп шотына қаражатты аудару жолымен төлейді.

4.16. Шарт бойынша міндеттемелердің кез келгені орындалмаған (тиісінше орындалмаған) жағдайда (алдын ала төлем жүргізу және (немесе) Сатушының аумағынан Тауарды қабылдау және әкету бөлігінде), Сатып алушы есептелген тұрақсыздық айыбын Тауар үшін төлеуге жататын сомадан шығару (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) құқығын Сатушыға береді. Бұл ретте, Сатушы Сатып алушыға Сатып алушының міндеттемені бұзғаны және есептелген тұрақсыздық айыбын алдын ала төлем сомасынан шығарғаны (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) туралы хатты (хабарламаны) жолдайды.

4.17. Осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан бас тартқан жағдайда Сатушы сауда-саттыққа қатысқаны үшін Сатып алушы төлеген кепілдік жарнаны қайтармайды.

5. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

5.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5.2. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша түрде жасалса және Тараптардың өкілетті өкілдері қол қойса, жарамды.

5.3. Сатып алушының Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға нұқсан келтірместен, Сатушы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға (Шартты орындаудан бас тартуға) құқылы:

- егер Сатып алушы Шартта көрсетілген мерзімде төлем жасамаса немесе Сатушы ұсынған осы шартты ұзарту кезеңінде төлем жасамаса;
- Егер Сатып алушы Тауарды Шартта көрсетілген мерзімде әкетпесе;
- егер Сатып алушы Шарт бойынша өзінің басқа міндеттемелерін орындай алмаса;

Жеке тұлғалар үшін:

- егер Сатып алушы заңда белгіленген тәртіппен төлем қабілетсіз деп танылса немесе Сатып алушыға қатысты банкроттық рәсімдері жүзеге асырылса;

Заңды тұлғалар үшін:

- егер Сатып алушы заңда белгіленген тәртіппен төлемге қабілетсіз деп танылса немесе Сатып алушыға қатысты банкроттық, тарату (оның қайта ұйымдастырылуын қоспағанда) рәсімдері жүзеге асырылса;
- Сатып алушыны комплаенс-тексерудің теріс нәтижесі анықталған жағдайында;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге жағдайларда.

5.4. Сатушы Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы Сатып алушыға жазбаша хабарламамен ескертеді. Хабарламада Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) себебі, күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Бұл ретте Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы хабарлама

Сатып алушыға Шартты алдағы бұзуға немесе Шартты орындаудан бас тартуға (Шарттан бас тартқанға) дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жіберілуі тиіс.

Сатушы хабарламада көрсеткен күн Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) күшіне енген күн болып табылады. Хабарлама, егер ол Сатып алушының электрондық поштасына немесе заңды мекенжайына жіберілсе, алынды деп есептеледі.

6. Қолданылу мерзімдері

6.1. Шарт оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және _____ ж. дейін әрекет етеді. Шартқа кейінірек қол қойған Тараптың қол қойған күні осы Шартқа қол қойылған күн болып есептеледі.

Негізгі құралдардың пайдаланылмайтын объектілері, талап етілмеген өтімді және өтімсіз ТМҚ үшін:

6.2. Осы шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде әр тілде екі данада қол қойылған, әрбір Тарап әр тілде бір данадан алады. Осы Шарттың барлық мәтіндерінің заңды күштері тең. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіні арасында айырмашылықтар туындаған жағдайда, Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтініне жүгінеді. Тараптар алмасатын Шартқа қатысты барлық қатынасхаттар және басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Автомашиналар үшін:

6.2. Осы шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде әр тілде 3 (үш) данадан жасалған, бір данасы – Сатып алушыға, екінші данасы – Сатушыға, үшінші данасы ШҚО бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалының халыққа қызмет көрсету жөніндегі Өскемен қаласының № 1 мамандандырылған сектор бөліміне. Осы Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіні арасында айырмашылықтар туындаған жағдайда, Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтініне жүгінеді. Тараптар алмасатын Шартқа қатысты барлық қатынасхаттар және басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Арнайы техника үшін:

6.2. Осы шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде әр тілде 3 (үш) данадан жасалған, бір данасы – Сатып алушыға, екінші данасы – Сатушыға, үшінші данасы_____.

арнайы техниканы есептен шығару /Шартты тіркеу қажет органның атауы

Осы Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіні арасында айырмашылықтар туындаған жағдайда, Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтініне жүгінеді. Тараптар алмасатын Шартқа қатысты барлық қатынасхаттар және басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес келуі тиіс.

7. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары (Форс-мажор)

7.1. Егер кешіктіру еңсерілмейтін күш мән-жайларымен байланысты болса Тараптар Шарт талаптарын орындамағаны үшін жауапты болмайды.

7.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына стихиялық сипаттағы құбылыстар: Тараптардың кінәсінен болмаған су тасқыны, жер сілкінісі, өрт, дауыл, авариялар, сондай-ақ қоғамдық құбылыстар: әскери іс-қимылдар, блокадалар, осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін биліктің заң шығарушы және атқарушы органдарының шешімдері жатады.

7.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталуы туралы Тараптар осындай мән-жайлар және олардың себептері туралы олар басталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бір-біріне жазбаша хабарлауы тиіс.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туралы екінші Тарапқа олар басталған кезден бастап күнтізбелік бес күн ішінде хабарламау осындай мән-жайлардың әрекетіне түскен Тарапты осы Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының негізі ретінде оларға сүйену құқығынан айырады.

Егер тараптан өзге жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, еңсерілмес күш мән-жайларына сүйенген екінші Тарап Шарт бойынша өз міндеттемелерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және еңсерілмес күш мән-жайларына байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздеуді жүргізеді.

Бұл жағдайда шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері, егер олар бүкіл шарттың немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғаннан кейін орындалуға жататын оның бөлігінің мерзімінде орындалуына елеулі әсер етсе, осы мән-жайлардың қолданылу уақытына мөлшерлес ұзартылады.

7.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сүйенген Тарап оларды растау үшін тиісті уәкілетті орган берген құжатты ұсынуға міндетті.

7.5. Тиісті растамасы бар еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Тараптар Шарт бойынша міндеттемелердің орындауын тоқтатады, қажет болған кезде нақты тиеп-жөнелтілген Тауар үшін өзара есеп айырысу жүргізеді.

7.6. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары бір айдан артық уақытқа созылса, Тараптардың кез келгені қабылданған шешім туралы екінші Тарапқа хабарлай отырып, Шартты толық немесе ішінара бұзуға құқылы.

8. Дауларды шешу тәртібі

8.1. Тараптар Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер мен дауларды тікелей келіссөздер жүргізу процесінде шешу үшін барлық күш-жігерін салуы тиіс.

8.2. Кінәрат-талаптық тәртіпті қадағалау Тараптар үшін міндетті болып табылады. Атына кінәрат-талап жолданған Тарап оны қарауға және кінәрат-талапты алған сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей екінші Тарапқа жазбаша жауап жолдауға міндетті.

8.3. Шартты орындау жөнінде дауларды қарау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылатын құқық болып табылады.

8.4. Барлық даулар Сатушының орналасқан жері бойынша сот органдарында қаралады.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер

9.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде, сондай-ақ осы Шартты жасасуға немесе тоқтатуға байланысты Тараптар мен олардың жұмыскерлері және Тараптарға белгілі болғандай, олардың үлестес тұлғалары, агенттері, өкілдері, делдалдары және (немесе) қосалқы мердігерлері (бірлесіп орындаушылары) Қазақстан Республикасының, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы заңнамасын, сондай-ақ Ұлыбританияның «Парақорлық туралы» Заңын (бұдан әрі-заң) бұзатын не бұзуға ықпал ететін іс-әрекеттер – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама») кез келген заңсыз артықшылықтарды алу немесе басқа да заңсыз мақсатта қандайда тұлғалардың пайдасына немесе қандайда бір тұлғалардан олардың іс-әрекеттері немесе шешімдеріне ықпал ету үшін тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі не үшінші тұлға арқылы кезкелген түрдегі параны немесе құндылықтарды төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

9.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде, сондай-ақ осы Шартты жасасуға немесе тоқтатуға байланысты, Тараптар мен олардың жұмыскерлері және Тараптарға белгілі болғандай, олардың үлестес тұлғалары, агенттері, өкілдері, делдалдары және (немесе) қосалқы мердігерлері (бірлесіп орындаушылары) осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада қолданылатын пара беру/алу, коммерциялық сатып алу сияқты әрекеттерді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын бұзатын әрекеттерді жүзеге асырмайды.

9.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) ақысыз орындау жолымен және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскерді ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

9.4. Сатушы Сатып алушыдан Шарттың орындалу барысын талдау мақсатында Шарттың орындалуы жөніндегі мәліметтерді қамтитын кез келген құжаттарды сұратуға құқылы.

9.5. Тараптарда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір талаптардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін болатыны туралы күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

9.6. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның үлестес тұлғаларының, жұмыскерлерінің, агенттерінің, өкілдерінің, делдалдардың және (немесе) қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) осы шарттардың қандай да ережелерін бұзушылық немесе болуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз болатын, қолданылатын заңнамада пара беру немесе алу, коммерциялық сатып алу ретінде сараланатын әрекеттерден, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын бұзатын әрекеттерден көрінетін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

9.7. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастардың болуын барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

9.8. Осы Шарттың 9.5.-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама алған Тарап 10 (он) күндік мерзімде тергеу жүргізуге және оның нәтижелерін екінші Тараптың мекенжайына ұсынуға міндетті.

9.9. Сатып алушыда Шарттың осы тармағының қандай да бір қағидасының бұзылуы немесе бұзылу мүмкіндігі туралы күдік пайда болса, Сатып алушы бұл туралы Сатушының корпоративтік веб-сайтында орналасқан Сатушының құпиялы ақпараттандыру арналары бойынша хабарлама жолдай алады.

9.10. Сатушы өз қарауы бойынша Сатып алушының осы Шартты орындаумен байланысты қызметіне, оның құжаттарына және жазбаларына тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады. Сатушы осындай тексеру туралы болжамды тексеру күніне дейін 20 (жиырма) жұмыс күннен кешіктірмей жазбаша хабарлама жолдауға міндеттенеді және бұндай тексеруді өз бетімен немесе үшінші тарапты тартумен жүргізуге құқылы.

9.11. Сатып алушы Сатушыдан көрсетілген хабарламаны алғандығын хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде растауы қажет және осындай хабарлама алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде тексеру жүргізу күнін растауы тиіс. Сатушы не уәкілетті үшінші тұлға тексеру жүргізу кезінде Сатып алушының қызметкерлерінен осы Шарт шеңберінде немесе осы Шартты жасау, орындау, бұзумен байлыныстысұхбат алуы мүмкін.

9.12. Егер тексеру нәтижесінде Сатып алушымен берген кепілдемелер мен растауларда бұзушылық жағдайлары анықталса, Сатып алушы аталған анықтау күнінен бастап 10 (он) жұмыс күннен кешіктірмей сәйкессіздіктерді жою бойынша шара қолдануға және осындай шаралар туралы Сатушыға жазбаша түрде ақпарат беруге міндетті. Сәйкессіздіктерді жою жөніндегі шараларды Сатып алушы есебінен жүргізеді.

9.13. Егер Сатып алушы тексеру жүргізуден бас тартса немесе сәйкессіздіктерді немесе сәйкессіздікті жою бойынша шаралар қабылдамаса, онда Сатушы бұзған Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіпте бас тартуға құқылы.

10. Сатып алушыны комплаенс-тексеру

10.1. Шарттың 9-Бөліміне сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде Сатушы Сатып алушыға комплаенс-тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

10.2. Комплаенс-тексеру жүргізу барысында Сатушы Сатып алушыны ынтымақтастықтан бас тарту үшін негіздердің / теріс ақпараттың / өзге де мәліметтердің болуын, оның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей, сыбайлас жемқорлық көріністерін, ақшаны жылыстатуды және терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, қандай да бір заңсыз қызметке қатыстылығын, Сатып алушының, оның акционерлерінің/құрылтайшыларының/қатысушыларының, басшыларының ынтымақтастыққа тыйым салатын халықаралық санкцияларға ұшыраған тұлғалардың тізімінде болуын тексереді.

10.3. Сатушы Сатып алушыға осы Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жазбаша хабарлай отырып, Сатып алушыны комплаенс-тексерудің теріс нәтижелері анықталған жағдайда, бірақ онымен шектелмей, осы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

11. Санкциялық шектеулерге сәйкестік кепілдіктері

11.1. Тараптар БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің, АҚШ-тың, Еуропалық Одақтың, Ұлыбританияның, Қытайдың, Швейцарияның немесе Тараптардың кез келгені орналасқан елдің санкцияларымен шектелмей, эксаумақтық әсері бар санкцияларға (бұдан әрі - Жаһандық санкциялар) шектеулер қойылмайтынына кепілдік береді және сендіреді;

11.2. Тараптар осы Шартты орындауға тартылған, оларға қарсы Жаһандық санкциялар бағытталуы мүмкін кез келген тұлғаларды, компанияларды немесе ұйымдарды тартпауға немесе жалдамауға келіседі.

11.3. Егер Тарап немесе оның құрылтайшы компаниясы немесе оның үлестес тұлғаларының кез келгені немесе осындай компаниялардың директорларының, лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің кез келгені **(«Санкцияға ұшыраған тұлға»)** немесе санкцияға ұшыраған осындай тұлға тұрып жатқан немесе Шартты орындайтын немесе бизнесті жүргізетін ел Жаһандық санкцияларға сәйкес айыппұлға тартылады немесе талап қойылады, немесе ерекше белгіленген азаматтығы және бұғатталған адамдар тізімінде болса **(«SDN-тізім»),** екінші Тарап жауапкершіліксіз немесе айыппұлсыз Шарттың орындалуын санкциядағы тұлға SDN тізімінен шығарылғанға дейін немесе осындай санкциядағы Тұлға немесе санкциядағы Тұлға елі қандай да бір санкциялардың/шектеулердің объектісі немесе мақсаты болуды тоқтатқанға дейін, немесе басқа Тарапқа қандай да бір өтемақысыз отыз (30) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабарлай отырып, осы себеппен оның қолданысын дереу тоқтатуға құқылы;

12. Өзге талаптар

12.1. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар оларды жазбаша жасап Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған кезде оның ажырамас бөліктері болып табылады.

12.2. Осы Шартта реттелмеген мәселелер Шартты орындау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

12.3. Тараптар уәкілетті тұлғалар қол қойған, мөрмен расталған және электрондық пошта және/немесе факсимильді байланыс арқылы қарсы Тарапқа берілген Шарт пен өзге де құжаттарды Тараптар түпнұсқаларды алғанға дейін толыққанды заңды құжаттар деп танитыны туралы уағдаласты. Электрондық пошта және/немесе факсимильдік байланыс арқылы берілген құжаттарды көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларымен растау Тараптар үшін 5 (бес) жұмыс күні ішінде міндетті болып табылады. Уәкілетті тұлғалар қол қойған, мөрмен расталған және қарама-қарсы тарапқа электрондық хабарлама арқылы (графикалық түрлі-түсті форматта сканерленген түпнұсқа) берілген өзге де құжаттарды Тараптар 5 (бес) жұмыс күн ішінде бір-біріне осы құжаттардың түпнұсқаларын міндетті түрде ұсына отырып, толыққанды заңды құжаттар деп таниды.

12.4. Сатушы Шарт бойынша жеткізілген Тауардың үшінші тұлғалардың құқықтарынан, даулар мен тыйым салулардан бос екендігіне кепілдік береді. Олай болмаған жағдайда, Сатушы мүліктік және/немесе мүліктік емес сипаттағы барлық шағымдар мен талаптарды өз бетімен және өз есебінен шешеді.

12.5. «ҮМЗ» АҚ осы Шартты орындаумен байланысты банктік есеп айырысулар жөніндегі ақпаратты «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қор») осы Шартта көзделген банк арқылы «ҮМЗ» АҚ банктік шоты бойынша анықтамалар, үзінді-көшірме/үзінді-көшірмелер түрінде Қор талап еткен кез келген кезеңділікпен ұсынуға құқылы.

13. Тараптардың заңды мекенжайлары

САТУШЫ	**САТЫП АЛУШЫ**
«ҮМЗ» АҚ ШҚО, Өскемен қ. Абай даңғ., 102 БСН 941040000097 ҚҚС бойынша куәлік: 10.12.12 ж. № 0023663, сериясы 18001 ЖСК KZ 7560 1015 1000 014503 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ БСК HSBKKZKX КБЕ 17	_____

_____

_____ ж.
№ _____ Шартқа
№1 қосымша

ЕРЕКШЕЛІК

№ р/б	Номенклатуралық нөмір	Атауы	Өлш. бірлігі	Саны	ҚҚС есебінсіз бір бірлігі үшін сату бағасы, теңге	ҚҚС есебінсіз сату құны, теңге	ҚҚС сомасы __%,, теңге	ҚҚС есебімен__%, теңге
1								
2								
3								
4								
		ЖИЫНЫ						

САТУШЫ **САТЫП АЛУШЫ**

_____ _____

_____ ж.
№ _____ Шартқа
№2 қосымша

«ҮМЗ» АҚ қорғалатын аумағына рұқсатсыз енгізуге (әкелуге) тыйым салынған заттар мен нәрселердің тізбесі.

1. қару:

а) отпен атылатын қару;

б) травматикалық, газ және жарық-дыбыстық әсермен патрондары бар ұңғысыз;

в) суық, сондай-ақ суық қаруға жатпайтын әр түрлі пышақтар;

г) лақтыратын;

д) пневматкалық;

е) газ;

ё) электр;

ж) сигналдық;

з) зақымдайтын әсері радиоактивті сәулеленуді және биологиялық әсерді қолдануға негізделген қару;

и) зақымдайтын әрекеті электромагниттік, жарық, жылу, инфрақызыл немесе ультрадыбыстық сәулеленуді қолдануға негізделген қару;

2. заттар:

а) жарылғыш;

б) улы;

в) уландыратын;

г) радиоактивті;

д) күйдіргіш;

е) пиротехникалық;

ё) жеңіл тұтанатын.

3. Алкогольдік ішімдіктер, есірткілік және психотроптық әсері бар заттар.

4. Портативтік байланыс құралдары (ұялы және жерсеріктік байланыс аппараттары, тасымалды радиостанциялар).

5. Бейне-фототүсірілім құралдары және оларға аксессуарлар (кез келген форматтағы бейне немесе фототүсірілім жүргізуге арналған аппараттар), аудиоаппаратура, бейне-фототүсірілім функциясымен смарт-сағат.

6. Портативті компьютерлер және оларға аксессуарлар (ықшам тасымалды компьютерлер).

7. Сыртқы ақпарат тасымалдағыштар (ақпаратты сақтаудың магниттік, электрондық және оптикалық құрылғылары, қағаз ақпарат тасымалдағыштар).

8. Жеке пайдалануға арналған заттар, жеке гигиена заттарынан басқа, бір түрдің 2-ден астам данасы.

9. «ҮМЗ» АҚ-ға тиесілі емес транзиттік жүктер.

«ҮМЗ» АҚ қорғалатын аумағына рұқсатсыз енгізуге (әкелуге)
тыйым салынған заттар мен нәрселердің тізбесімен»
танысу туралы тіркеу нысаны

№ р/б	ТАӘ	Контрагент	Қолы	Күні
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7…				

Жылжымалы мүлікті сатып алу-сату
Шарты № _____
(өндіріс қалдықтары)

Өскемен қ. _____ ж.

Бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын «ҮМЗ» АҚ, оның атынан _____ негізінде _____ әрекет ететін _____, және

бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын _____, оның атынан _____ негізінде әрекет ететін _____,

бұдан әрі бірге «Тараптар», ал жекеше (Тарап) деп аталып, _____ негізінде төмендегілер туралы осы Шартты жасады:

1. Шарттың мәні

1.1. Сатушы жылжымалы мүлікті сатуға (бұдан әрі - Товар), ал Сатып алушы Тауарды осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № 1-қосымшасында көрсетілген ассортиментте, мөлшерде және баға бойынша қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

2. Шарт сомасы және есеп айырысу тәртібі

2.1. Шарттың шамамен жалпы сомасы ___% мөлшерлеме бойынша ҚҚС есебімен/есебінсіз ____ % _____ (_____) теңге, ___ тиынды құрайды. Шарттың түпкілікті жалпы сомасы қорларды шетке беруге арналған жүкқұжаттарға сәйкес Тауар сомасымен айқындалады.

Металл сынықтары үшін: Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 474-бабының 13-тармағына сәйкес ҚҚС салынбайды.

2.2. Егер Шарттың қолданылу мерзімінің аяғында Сатушы жеткізген және Сатып алушы қабылдаған Тауардың құны Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасына жетпеген жағдайда, Сатып алушының Сатушыдан жетіспейтін Тауарды жөнелтуді талап етуге құқығы жоқ.

2.3. Сатып алушы Шарттың 14-бөлімінде көрсетілген Сатушының есеп шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен Тауарды әкетудің болжамды күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Сатушы мәлімдеген Тауар көлемінің 100% мөлшерінде алдын ала төлем жүргізеді.

2.4. Алдын ала төлем Сатып алушының сауда-саттыққа қатысқаны үшін төлеген кепілдік жарнасы ескеріле отырып жүргізіледі

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Сатып алушы міндеттенеді:

3.1.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес төлем жасауға;

3.1.2. Сатушыға Д-1 нысан бойынша Сенімхат ұсынуға.

3.1.3. Өткізу және объектішілік режимдердің бұзылуына жол бермеуге. Мұндай бұзушылықтарға келесілер жатады, соның ішінде:

3.1.3.1. Сатып алушының және/немесе Сатып алушының жұмыскерінің Сатушының аумағында жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақытта алкогольдік, есірткілік немесе токсикологиялық мас күйде болуы, сондай-ақ күзетілетін аумаққа алкогольдік, есірткілік немесе токсикологиялық мас күйде өтуге әрекет етуі.

3.1.3.2. Сатып алушының және/немесе Сатып алушының жұмыскерінің Сатушының аумағынан рұқсат құжаттарынсыз немесе дұрыс ресімделмеген құжаттар (тауар-материалдық құндылықтардың нақты көлемі, саны және/немесе номенклатурасы ресімделген құжаттарға сәйкес келмейді, әкетуге арналған құжаттарда толықтырулар немесе түзетулер бар) бойынша тауар-материалдық құндылықтарды әкету және/немесе шығару әрекеттері және/немесе әкетуі және/немесе шығаруы;

3.1.3.3. Сатып алушының және/немесе Сатып алушының жұмыскерінің Сатушының күзетілетін аумағына рұқсатсыз енгізуге (әкелуге) тыйым салынған заттардың тізбесінде» көрсетілген тыйым салынған заттарды әкелу және/немесе кіргізу әрекеттері және/немесе әкелу және/немесе кіргізу (№ 2-Қосымша);

3.1.3.4. Рұқсаттаманы басқа тұлғаға беру, өтуге әрекет жасау және/немесе Сатушының аумағына жалған немесе мерзімі өткен рұқсаттама бойынша өту.

3.1.4. Сатушының талабы бойынша, бірақ Шарттың мерзімі аяқталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей осы Шарттың № 3,4,5-Қосымшаларына сәйкес ақпарат беруге.

3.1.5. Тауарды қабылдағанға дейін қарап шығуға. Тауарды қарап-тексеру фактісі қорларды шетке беруге арналған жүккұжатқа қол қою арқылы расталады.

3.1.6. Сатып алушының тасымалдаушысының және / немесе Сатып алушының Жұмыскер(лер)інің Шарттың 3.1.5-тармақшасының талаптарын орындауы үшін жауапты болу.

Қауіпті қалдықтар үшін:

3.1.7. Тауарды тиеп-жөнелту алдында, бірақ Тауарды алдағы тиеп-жөнелтуге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Сатушыға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісті түрде орындау үшін қажетті қауіпті қалдықтарды өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою жөніндегі қолданыстағы лицензияның көшірмесін ұсынуға.

Металл сынықтары үшін:

3.1.8 Тауарды тиеп-жөнелту алдында, бірақ Тауарды алдағы тиеп-жөнелтуге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сатушыға Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес, оның ішінде осы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісті түрде орындауға қажетті құжаттарды ұсынуға:

3.1.8.1 түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату қызметтерін жүзеге асыруға қолданыстағы рұқсаттың көшірмесін;

3.1.8.2 қалдықтарды жинау, сұрыптау және (немесе) тасымалдау, қауіпті емес қалдықтарды қалпына келтіру және (немесе) жою қызметтерінің басталғаны туралы қолданыстағы хабарламаның көшірмесін.

3.2. Сатушы міндеттенеді:

3.2.1. Тауардың құнын толық төлеген жағдайда Сатып алушыға қорларды шетке беруге арналған жүккұжат бойынша Тауарды беруге;

3.2.2. Сатып алушыға келесі тауарға ілеспе құжаттарды беруге;

- қорларды шетке беруге арналған жүккұжат;

3.2.3. Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес Сатып алушыға шот-фактура жазып беруге.

3.3. Сатып алушы құқылы:

3.3.1. Сатушыдан Шарттың талаптарына сәйкес міндеттемелердің тиісті түрде орындалуын талап етуге.

3.4. Сатушы құқылы:

3.4.1. Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға (Шарттан бас тарту) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Шартта көзделген жағдайларда Шартты біржақты тәртіппен бұзуға.

3.4.2. Сатып алушы шарттық міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған жағдайларда, тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге.

3.4.3. Шартта белгіленген тәртіппен Тауарды қабылдау және әкету мерзімдерін бұзғаны үшін Шарт бойынша төлем сомасынан тұрақсыздық айыбын біржақты тәртіппен ұстап қалуға.

3.4.4. Мұндай бұзушылықтар жойылғанға дейін Шарттың 5-бөлімінде көзделген бұзушылықтарды жою уақытына Сатып алушының Тауарды әкетуін тоқтата тұруға.

3.4.5. Осы Шарттың 2-Бөлімінің қағидаларына сәйкес алдын ала төлем сомасынан Шарттың 5-Бөлімінде көзделген айыппұл санкцияларын (тұрақсыздық айыбын) біржақты тәртіппен ұстап қалуға.

3.5. Сатып алушы осы Шартқа қол қоя отырып, мәміле жасалған сәтте Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық қажетті рұқсаттардың, хабарламалардың, лицензиялардың бар екендігін растайды және кепілдік береді.

3.6. Сатып алушы осы Шарттың 3.5-тармағының талаптарын сақтауға жауапты. Сондай-ақ, Сатып алушы осы Шарттың 3.5-тармағының талаптарын Сатып алушының бұзуына байланысты және салдарынан туындаған Сатушының барлық шығындарын өтеуге міндеттенеді, сондай-ақ

мұндай жағдайда Сатушыға Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді.

3.7. Сатушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары шеңберінде жауап беру шараларын қабылдау үшін Сатып алушының және/немесе Сатып алушы жұмыскерінің рұқсатнамалық және объектішілік режимдерін бұзғаны туралы материалдарды арнаулы және құқық қорғау органдарына жіберуге құқылы.

3.8. Сатып алушының басқару қызметкерлері (ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша атқаратын тұлға) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда Шартты бұзуға.

3.9. Сатып алушының алдын ала келісімінсіз Сатушының Жалғыз акционеріне құпия және өзге де қорғалатын ақпаратты ұсынуға.

4. Тауарды тиеп-жөнелту

4.1. Әр айдың басында Сатушы Шарттың 14-бөлімінде көрсетілген мекенжайға жіберілген хатпен және/немесе электрондық хабарламамен Сатып алушыға Тауарды тиеп-жөнелтудің алдын ала көлемі туралы хабардар етеді.

4.2. Осы Шарт бойынша Тауарды жеткізу шарттары - EXW Сатушының «Инкотермс 2020» қоймасы.

Металл сынықтары үшін:

4.3. Сатып алушы Тауарды «ҮМЗ» АҚ қорғалатын аумағынан жүк автомобилімен/ металл сынықтарын тиеуге арналған мамандандырылған автомобильмен әкетуі тиіс. Тауар Сатып алушыға жүк тиелген көлік құралының шығуына материалдық рұқсаттама негізінде тапсырушы бөлімше қоймасынан (цех қоймасы) жөнелтіледі.

4.4. Қара және/немесе түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын тиеу бөлімшеде қара және/немесе түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинауға, сақтауға және өткізуге жауапты адамның немесе МЖТ және және ҚҚО өкілінің қатысуымен жүргізілуі тиіс.

4.5. Тиеу алдында Сатып алушы бос машинаны қалдық шаруашылығы учаскесінің таразысында - бұдан әрі ҚШУ таразысында немесе Сатушыға тиесілі «ҮМЗ» АҚ тапсырушы-бөлімшесінің таразысында өлшеуді жүргізеді. Бос машинаның салмағы ҚШУ журналында жазылады. Машинаға Тауарды тиегеннен кейін өлшеу тиеулі және бос машинаны өлшеу көрсеткіштері арасындағы айырмашылық ретінде анықталатын, құжаттарда (қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын қабылдауға қабылдау-тапсыру актісі) өз қолдарымен Тауардың таза салмағының нақты мәнін растайтын беруші және қабылдаушы тараптардың материалдық-жауапты тұлғаларының қатысуымен ҚШУ таразысында жүргізіледі.

4.6. Тауарды өлшегеннен кейін, Сатушының журналындағы нақты салмағын белгілегеннен (СО ҚШУ өлшенген жағдайда) және қорларды шетке беруге арналған жүкқұжатқа қол қойғаннан кейін Тауар Сатып алушының меншігіне өтеді.

Пайдаланылған май үшін

4.3. Сатып алушы Тауарды «ҮМЗ» АҚ қорғалатын аумағынан жүк автомобилімен, май алуға арналған сорғысымен мамандандырылған автоцистернамен өзі тасымалдап әкетуі тиіс. Тараптардың келісімі бойынша пайдаланылған майды айырбастау ыдысында сатып алушыға беруге жол беріледі. Тауар Сатып алушыға жүк тиелген көлік құралының шығуына қорларды шетке беруге арналған жүкқұжат және материалдық рұқсаттама негізінде тапсырушы бөлімше қоймасынан (цех қоймасы) жөнелтіледі.

4.4. Пайдаланылған майды тиеу бөлімшедегі пайдаланылған майды жинауға, сақтауға және өткізуге жауапты адамның немесе МЖТ және және ҚҚО өкілінің қатысуымен жүргізілуі тиіс.

4.5. Сатушы бос және тиеулі машинаны «ҮМЗ» АҚ өз таразысында (қалдық шаруашылығы учаскесі - бұдан әрі ҚШУ) өлшейді. Тиеу алдында Сатып алушы бос машинаны ҚШУ таразысында өлшейді. Бос машинаның салмағы ҚШУ журналында жазылады. Машинаға Тауарды тиегеннен кейін өлшеу құжаттарда өз қолдарымен Тауардың таза салмағының нақты мәнін растайтын беруші және қабылдаушы тараптардың материалдық-жауапты тұлғаларының қатысуымен ҚШУ таразысында жүргізіледі.

4.6. Таза салмақ тиеулі және бос машинаның айырмашылығы ретінде анықталады.

4.7. Тауарды өлшегеннен кейін, Сатушының журналындағы нақты салмағын белгілегеннен және қорларды шетке беруге арналған жүккұжатқа қол қойғаннан кейін Тауар Сатып алушының меншігіне өтеді.

4.8. Ыдыс таңбаланған жағдайда майлардың түрі мен тобына байланысты жеке ыдыста бір көлік құралымен Тауарды тасымалдауға жол беріледі. Пайдаланылған майды тасымалдау кезінде келесі талаптарды сақтау қажет:

- ыдыстың герметикалығын қамтамасыз ету;
- сыйымдылықтар тасымалдау кезінде сыйымдылықтар арасында өздігінен қозғалудан, құлаудан, деформациядан және т. б. қатты фиксацияны қамтамасыз етілетіндей етіп орнатылуы тиіс.

4.9. Сатып алушы пайдаланылған майларды тиеу сәтінен бастап жинау пунктінде және/немесе мамандандырылған кәсіпорында түсіру сәтіне дейін қауіпсіз пайдалануға жауапты болады.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5.2. Төлем бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісті түрде орындалмаған жағдайда Сатып алушы Сатушыға мерзімін кешіктірген әрбір күн үшін орындалмаған (тиісті түрде орындалмаған) міндеттеме сомасының _% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді.

Тұрақсыздық айыбының мөлшері шарттың жалпы сомасына байланысты қолданылады (қажетті нұсқаны таңдау)

а) 1% (қоса алғанда шарт 5 000 000 теңгеге дейінгі сомаға жасалған жағдайда);

б) 0,5% (қоса алғанда шарт 5 000 000 теңгеден 30 000 000 теңгеге дейінгі сомаға жасалған жағдайда);

в) 0,3% (шарт 30 000 000 теңгеден астам сомаға жасалған жағдайда);

5.3. Тауарды әкету мерзімдерін бұзғаны үшін Сатып алушы мерзімі өткен әрбір күн үшін әкетілмеген Тауар құнының _% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

Тұрақсыздық айыбының мөлшері шарттың жалпы сомасына байланысты қолданылады (қажетті нұсқаны таңдау)

а) 1% (қоса алғанда шарт 5 000 000 теңгеге дейінгі сомаға жасалған жағдайда);

б) 0,5% (қоса алғанда шарт 5 000 000 теңгеден 30 000 000 теңгеге дейінгі сомаға жасалған жағдайда);

в) 0,3% (шарт 30 000 000 теңгеден астам сомаға жасалған жағдайда);

5.4. Міндеттемелерді орындау мерзімін өткізу кезеңі барлық міндеттемелер орындалуы тиісті күннен кейінгі күннен басталады. Мерзімін кешіктіру Шарт талаптарының толық орындалуын растайтын құжатқа қол қойылған күнге дейін аяқталады.

5.5. Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға нұқсан келтірместен Сатушы осы Шартта көзделген міндеттемелердің орындалмағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

5.6. Сатып алушы сауда-саттыққа қатысқаны үшін төлеген кепілдік жарнаны Сатушы осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан бас тартқан жағдайда қайтармайды.

5.7. Сатып алушы осы Шартты жасамас бұрын Тауарды тексергенін растайды. Осы Шартқа қол қойылған күні және берілген сәттегі Тауардың жай күйі Сатып алушыны толық көлемде қанағаттандырады.

5.8. Сатып алушы Тауарды Сатушыдан Сатып алушыға берген күні оны толық бақылауға алады.

5.9. Тараптардың әрқайсысы шығындар, залалдар және шығындар бойынша талап-арыздар, денсаулығына зиян келтіргені және адамдардың әрекеттері немесе қателіктері салдарынан қаза тапқаны үшін жауап береді және оларды екінші Тарапқа өтейді.

5.10. Сатып алушы Сатушының аумағында қызмет көрсету кезінде «ҮМЗ» АҚ денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесінің, қоршаған ортаны басқару жүйесінің талаптарын сақтауға жауапты.

5.11. Сатушы Сатып алушының еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласында жіберген бұзушылықтарын анықтаған кезде анықталған бұзушылықтар туралы екіжақты Акт жасалады. Сатып алушы тарапынан Актіде көрсетілген мерзімде бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар болмаған жағдайда Сатушы Сатып алушыға тиісті актімен анықталған және ресімделген әрбір жағдай үшін 10 (он) АЕК мөлшерінде жоюға және тұрақсыздық айыбына жұмсалған шығындар мөлшерінде залал сомасын ұсынуға құқылы.

5.12. Сатып алушы Сатушыға жоғалған/бүлінген рұқсатнаманың құнын Сатушы тиісті талаптар қойған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтеуге міндеттенеді.

5.13. Сатып алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда, Шарттың 8-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Сатып алушы Сатушыға Шарттың жалпы сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

5.14. Рұқсатнамалық және объектішілік режимдерді бұзған әрбір жағдай үшін Сатып алушы Сатушыға Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлейді.

- Шарттың жалпы сомасының 10% - 5 000 000 теңгеге дейінгі сомаға Шарттар үшін;
- 100 АЕК - 5 000 000 теңгеден астам Шарттар үшін.

5.15. Сатып алушының атына жіберілген тиісті актілер, шоттар Шарттың 5.14-тармағы бойынша айыппұл төлеу үшін негіз болып табылады.

5.16. Сатып алушы Шарттың 5-бөлімінде келісілген сомаларды Сатушы Шартта көрсетілген Сатып алушының электрондық поштасына немесе заңды мекенжайына төлем шоттарын жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың 14-бөлімінде көрсетілген Сатушының есеп шотына қаражатты аудару жолымен төлейді.

5.17. Шарт бойынша міндеттемелердің кез келгені орындалмаған (тиісінше орындалмаған) жағдайда (алдын ала төлем жүргізу және (немесе) Сатушының аумағынан Тауарды қабылдау және әкету бөлігінде), Сатып алушы есептелген тұрақсыздық айыбын Тауар үшін төлеуге жататын сомадан шығару (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) құқығын Сатушыға береді. Бұл ретте, Сатушы Сатып алушыға Сатып алушының міндеттемені бұзғаны және есептелген тұрақсыздық айыбын алдын ала төлем сомасынан шығарғаны (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) туралы хатты (хабарламаны) жолдайды

6. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

6.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6.2. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша түрде жасалса және Тараптардың өкілетті өкілдері қол қойса, жарамды.

6.3. Сатып алушының Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға нұқсан келтірместен, Сатушы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға (Шартты орындаудан бас тартуға) құқылы:

- егер Сатып алушы Шартта көрсетілген мерзімде төлем жасамаса немесе Сатушы ұсынған осы шартты ұзарту кезеңінде төлем жасамаса;
- Егер Сатып алушы Тауарды Шартта көрсетілген мерзімде әкетпесе;
- егер Сатып алушы Шарт бойынша өзінің басқа міндеттемелерін орындай алмаса;
- егер Сатып алушы заңда белгіленген тәртіппен төлем жасауға қабілетсіз деп танылса немесе Сатып алушыға қатысты банкроттық, тарату рәсімдері (оны қайта құруды қоспағанда) жүзеге асырылса;
- Сатып алушыны комплаенс-тексерудің теріс нәтижесі анықталған жағдайында;

Қауіпті қалдықтар үшін

- қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою жөніндегі лицензияның қолданылуы тоқтатылған/тоқтатып қойылған жағдайда;

Металл сынықтары үшін:

- түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсаттың қолданылуы тоқтатылған/тоқтата тұрған / Сатып алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметі тоқтатылған жағдайда;

Сатып алушы Шарттың 3.1.3-тармақшасында көзделген міндеттемелерді орындамаған/ тиісті түрде орындамаған жағдайда;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және/немесе Шартта көзделген өзге де жағдайларда.

6.4. Сатушы Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы Сатып алушыға жазбаша хабарламамен ескертеді. Хабарламада Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) себебі, күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Бұл ретте Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы хабарлама Сатып алушыға Шартты алдағы бұзуға немесе Шартты орындаудан бас тартуға (Шарттан бас тартқанға) дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жіберілуі тиіс.

Сатушы хабарламада көрсеткен күн Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) күшіне енген күн болып табылады. Хабарлама, егер ол Сатып алушының электрондық поштасына немесе заңды мекенжайына жіберілсе, алынды деп есептеледі.

7. Қолданылу мерзімдері

7.1. Шарт оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және _____ **ж.** дейін әрекет етеді., ал өзара есеп айырысу бөлігінде міндеттемелер толық орындалғанға дейін қолданылады.

7.2. Осы шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде әр тілде екі данада қол қойылған, әрбір Тарап әр тілде бір данадан алады. Осы Шарттың барлық мәтіндерінің заңды күштері тең. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіні арасында айырмашылықтар туындаған жағдайда, Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтініне жүгінеді. Тараптар алмасатын Шартқа қатысты барлық қатынасхаттар және басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес келуі тиіс.

8. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары (Форс-мажор)

8.1. Егер кешіктіру еңсерілмейтін күш мән-жайларымен байланысты болса Тараптар Шарт талаптарын орындамағаны үшін жауапты болмайды.

8.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына стихиялық сипаттағы құбылыстар: Тараптардың кінәсінен болмаған су тасқыны, жер сілкінісі, өрт, дауыл, авариялар, сондай-ақ қоғамдық құбылыстар: әскери іс-қимылдар, блокадалар, осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін биліктің заң шығарушы және атқарушы органдарының шешімдері жатады.

8.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталуы туралы Тараптар осындай мән-жайлар және олардың себептері туралы олар басталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бір-біріне жазбаша хабарлауы тиіс.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туралы екінші Тарапқа олар басталған кезден бастап күнтізбелік бес күн ішінде хабарламау осындай мән-жайлардың әрекетіне түскен Тарапты осы Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының негізі ретінде оларға сүйену құқығынан айырады.

Егер тараптан өзге жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, еңсерілмейтін күш мән-жайларына сүйенген екінші Тарап Шарт бойынша өз міндеттемелерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және еңсерілмейтін күш мән-жайларына байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздеуді жүргізеді.

Бұл жағдайда шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері, егер олар бүкіл шарттың немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғаннан кейін орындалуға жататын оның бөлігінің мерзімінде орындалуына елеулі әсер етсе, осы мән-жайлардың қолданылу уақытына мөлшерлес ұзартылады.

8.4 Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сүйенген Тарап оларды растау үшін тиісті уәкілетті орган берген құжатты ұсынуға міндетті.

8.5 Тиісті растамасы бар еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Тараптар Шарт бойынша міндеттемелердің орындауын тоқтатады, қажет болған кезде нақты тиеп-жөнелтілген Тауар үшін өзара есеп айырысу жүргізеді.

8.6 Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары бір айдан артық уақытқа созылса, Тараптардың кез келгені қабылданған шешім туралы екінші Тарапқа хабарлай отырып, Шартты толық немесе ішінара бұзуға құқылы.

9. Дауларды шешу тәртібі

9.1. Тараптар Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер мен дауларды тікелей келіссөздер жүргізу процесінде шешу үшін барлық күш-жігерін салуы тиіс.

9.2. Кінәрат-талаптық тәртіпті қадағалау Тараптар үшін міндетті болып табылады. Атына кінәрат-талап жолданған Тарап оны қарауға және кінәрат-талапты алған сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей екінші Тарапқа жазбаша жауап жолдауға міндетті.

9.3. Шартты орындау жөнінде дауларды қарау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылатын құқық болып табылады.

9.4. Барлық даулар Сатушының орналасқан жері бойынша сот органдарында қаралады.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер

10.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде, сондай-ақ осы Шартты жасасуға немесе тоқтатуға байланысты Тараптар мен олардың жұмыскерлері және Тараптарға белгілі болғандай, олардың үлестес тұлғалары, агенттері, өкілдері, делдалдары және (немесе) қосалқы мердігерлері (бірлесіп орындаушылары) Қазақстан Республикасының, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы заңнамасын, сондай-ақ Ұлыбританияның «Парақорлық туралы» Заңын (бұдан әрі-заң) бұзатын не бұзуға ықпал ететін іс-әрекеттер – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама») кез келген заңсыз артықшылықтарды алу немесе басқа да заңсыз мақсатта қандайда тұлғалардың пайдасына немесе қандайда бір тұлғалардан олардың іс-әрекеттері немесе шешімдеріне ықпал ету үшін тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі не үшінші тұлға арқылы кезкелген түрдегі параны немесе құндылықтарды төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

10.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде, сондай-ақ осы Шартты жасасуға немесе тоқтатуға байланысты, Тараптар мен олардың жұмыскерлері және Тараптарға белгілі болғандай, олардың үлестес тұлғалары, агенттері, өкілдері, делдалдары және (немесе) қосалқы мердігерлері (бірлесіп орындаушылары) осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада қолданылатын пара беру/алу, коммерциялық сатып алу сияқты әрекеттерді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын бұзатын әрекеттерді жүзеге асырмайды.

10.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) ақысыз орындау жолымен және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскерді ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

10.4. Сатушы Сатып алушыдан Шарттың орындалу барысын талдау мақсатында Шарттың орындалуы жөніндегі мәліметтерді қамтитын кез келген құжаттарды сұратуға құқылы.

10.5. Тараптарда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір талаптардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін болатыны туралы күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

10.6. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның үлестес тұлғаларының, жұмыскерлерінің, агенттерінің, өкілдерінің, делдалдардың және (немесе) қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) осы шарттардың қандай да ережелерін бұзушылық немесе болуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз болатын, қолданылатын заңнамада пара беру немесе алу, коммерциялық сатып алу ретінде сараланатын әрекеттерден, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын бұзатын әрекеттерден көрінетін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

10.7. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастардың болуын барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

10.8. Осы Шарттың 10.5.-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама алған Тарап 10 (он) күндік мерзімде тергеу жүргізуге және оның нәтижелерін екінші Тараптың мекенжайына ұсынуға міндетті.

10.9. Сатып алушыда Шарттың осы тармағының қандай да бір қағидасының бұзылуы немесе бұзылу мүмкіндігі туралы күдік пайда болса, Сатып алушы бұл туралы Сатушының

корпоративтік веб-сайтында орналасқан Сатушының құпиялы ақпараттандыру арналары бойынша хабарлама жолдай алады.

10.10. Сатушы өз қарауы бойынша Сатып алушының осы Шартты орындаумен байланысты қызметіне, оның құжаттарына және жазбаларына тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады. Сатушы осындай тексеру туралы болжамды тексеру күніне дейін 20 (жиырма) жұмыс күннен кешіктірмей жазбаша хабарлама жолдауға міндеттенеді және бұндай тексеруді өз бетімен немесе үшінші тарапты тартумен жүргізуге құқылы.

10.11. Сатып алушы Сатушыдан көрсетілген хабарламаны алғандығын хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде растауы қажет және осындай хабарлама алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күн ішінде тексеру жүргізу күнін растауы тиіс. Сатушы не уәкілетті үшінші тұлға тексеру жүргізу кезінде Сатып алушының қызметкерлерінен осы Шарт шеңберінде немесе осы Шартты жасау, орындау, бұзумен байлыныстысұхбат алуы мүмкін.

10.12. Егер тексеру нәтижесінде Сатып алушымен берген кепілдемелер мен растауларда бұзушылық жағдайлары анықталса, Сатып алушы аталған анықтау күнінен бастап 10 (он) жұмыс күннен кешіктірмей сәйкессіздіктерді жою бойынша шара қолдануға және осындай шаралар туралы Сатушыға жазбаша түрде ақпарат беруге міндетті. Сәйкессіздіктерді жою жөніндегі шараларды Сатып алушы есебінен жүргізеді.

10.13. Егер Сатушы тексеру жүргізуден бас тартса немесе сәйкессіздіктерді немесе сәйкессіздікті жою бойынша шаралар қабылдамаса, онда Тапсырыс беруші бұзған Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіпте бас тартуға құқылы.

11. Сатып алушыны комплаенс-тексеру

11.1. Шарттың 10-бөліміне сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде Сатушы Сатып алушыға комплаенс-тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

11.2. Комплаенс-тексеру жүргізу барысында Сатушы Сатып алушыны ынтымақтастықтан бас тарту үшін негіздердің / теріс ақпараттың / өзге де мәліметтердің болуын, оның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей, сыбайлас жемқорлық көріністерін, ақшаны жылыстатуды және терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, қандай да бір заңсыз қызметке қатыстылығын, Сатып алушының, оның акционерлерінің/құрылтайшыларының/қатысушыларының, басшыларының ынтымақтастыққа тыйым салатын халықаралық санкцияларға ұшыраған тұлғалардың тізімінде болуын тексереді.

11.3. Сатушы Сатып алушыға осы Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабарлай отырып, Сатып алушыны комплаенс-тексерудің теріс нәтижелері анықталған жағдайда, бірақ онымен шектелмей, осы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

12. Санкциялық шектеулерге сәйкестік кепілдіктері

12.1 Тараптар БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің, АҚШ-тың, Еуропалық Одақтың, Ұлыбританияның, Қытайдың, Швейцарияның немесе Тараптардың кез келгені орналасқан елдің санкцияларымен шектелмей, эксаумақтық әсері бар санкцияларға (бұдан әрі - Жаһандық санкциялар) шектеулер қойылмайтынына кепілдік береді және сендіреді;

12.2. Тараптар осы Шартты орындауға тартылған, оларға қарсы Жаһандық санкциялар бағытталуы мүмкін кез келген тұлғаларды, компанияларды немесе ұйымдарды тартпауға немесе жалдамауға келіседі.

12.3. Егер Тарап немесе оның құрылтайшы компаниясы немесе оның үлестес тұлғаларының кез келгені немесе осындай компаниялардың директорларының, лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің кез келгені **(«Санкцияға ұшыраған тұлға»)** немесе санкцияға ұшыраған осындай тұлға тұрып жатқан немесе Шартты орындайтын немесе бизнесті жүргізетін ел Жаһандық санкцияларға сәйкес айыппұлға тартылады немесе талап қойылады, немесе ерекше белгіленген азаматтығы және бұғатталған адамдар тізімінде болса **(«SDN-тізім»),** екінші Тарап жауапкершіліксіз немесе айыппұлсыз Шарттың орындалуын санкциядағы тұлға SDN тізімінен шығарылғанға дейін немесе осындай санкциядағы Тұлға немесе санкциядағы Тұлға елі қандай да бір санкциялардың/шектеулердің объектісі немесе мақсаты болуды тоқтатқанға дейін,

немесе басқа Тарапқа қандай да бір өтемақысыз отыз (30) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабарлай отырып, осы себеппен оның қолданысын дереу тоқтатуға құқылы;

13. Өзге талаптар

13.1. Осы Шартта реттелмеген мәселелер Шартты орындау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

13.2. Тараптар уәкілетті тұлғалар қол қойған, мөрмен расталған және электрондық пошта және/немесе факсимильді байланыс арқылы қарсы Тарапқа берілген Шарт пен өзге де құжаттарды Тараптар түпнұсқаларды алғанға дейін толыққанды заңды құжаттар деп танитыны туралы уағдаласты. Электрондық пошта және/немесе факсимильдік байланыс арқылы берілген құжаттарды көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларымен растау Тараптар үшін 5 (бес) жұмыс күні ішінде міндетті болып табылады. Уәкілетті тұлғалар қол қойған, мөрмен расталған және қарама-қарсы тарапқа электрондық хабарлама арқылы (графикалық түрлі-түсті форматта сканерленген түпнұсқа) берілген өзге де құжаттарды Тараптар 5 (бес) жұмыс күн ішінде бір-біріне осы құжаттардың түпнұсқаларын міндетті түрде ұсына отырып, толыққанды заңды құжаттар деп таниды.

13.3. Сатушы Шарт бойынша жеткізілген Тауардың үшінші тұлғалардың құқықтарынан, даулар мен тыйым салулардан бос екендігіне кепілдік береді. Олай болмаған жағдайда, Сатушы мүліктік және/немесе мүліктік емес сипаттағы барлық шағымдар мен талаптарды өз бетімен және өз есебінен шешеді.

13.4. «ҮМЗ» АҚ осы Шартты орындаумен байланысты банктік есеп айырысулар жөніндегі ақпаратты «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қор») осы Шартта көзделген банк арқылы «ҮМЗ» АҚ банктік шоты бойынша анықтамалар, үзінді-көшірме/үзінді-көшірмелер түрінде Қор талап еткен кез келген кезеңділікпен ұсынуға құқылы.

14. Тараптардың заңды мекенжайлары

САТУШЫ	**САТЫП АЛУШЫ**
«ҮМЗ» АҚ	
	_____
ШҚО, Өскемен қ. Абай даңғ., 102 БСН 941040000097 ҚҚС бойынша куәлік: 10.12.12 ж. № 0023663, сериясы 18001 ЖСК KZ 7560 1015 1000 014503 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ БСК HSBKKZKX КБЕ 17	
_____	

_____ ж.
№ _____ Шартқа
№1 қосымша

ЕРЕКШЕЛІК

№ р/б	Есеп жүйесінің нөмірі	Қалдықтар түрі, қалдықтар коды	Атауы	Өлш. білігі	Саны*	ҚҚС есебімен/ ҚҚС есебінсіз сату бағасы, бір бірлік үшін, теңге	ҚҚС есебімен/ ҚҚС есебінсіз сату құны, теңге
1							
2							
3							
4							
			ЖИЫНЫ				

*Саны жоспарлы көлемдерде ____ жылға көрсетілген.

САТУШЫ **САТЫП АЛУШЫ**

_____ _____

_____ ж.
№ _____ Шартқа
№2 қосымша

«ҮМЗ» АҚ қорғалатын аумағына рұқсатсыз енгізуге (әкелуге) тыйым салынған заттар мен нәрселердің тізбесі.

1. қару:

а) отпен атылатын қару;

б) травматикалық, газ және жарық-дыбыстық әсермен патрондары бар ұңғысыз;

в) суық, сондай-ақ суық қаруға жатпайтын әр түрлі пышақтар;

г) лақтыратын;

д) пневматкалық;

е) газ;

ё) электр;

ж) сигналдық;

з) зақымдайтын әсері радиоактивті сәулеленуді және биологиялық әсерді қолдануға негізделген қару;

и) зақымдайтын әрекеті электромагниттік, жарық, жылу, инфрақызыл немесе ультрадыбыстық сәулеленуді қолдануға негізделген қару;

2. заттар:

а) жарылғыш;

б) улы;

в) уландыратын;

г) радиоактивті;

д) күйдіргіш;

е) пиротехникалық;

ё) жеңіл тұтанатын.

3. Алкогольдік ішімдіктер, есірткілік және психотроптық әсері бар заттар.

4. Портативтік байланыс құралдары (ұялы және жерсеріктік байланыс аппараттары, тасымалды радиостанциялар).

5. Бейне-фототүсірілім құралдары және оларға аксессуарлар (кез келген форматтағы бейне немесе фототүсірілім жүргізуге арналған аппараттар), аудиоаппаратура, бейне-фототүсірілім функциясымен смарт-сағат.

6. Портативті компьютерлер және оларға аксессуарлар (ықшам тасымалды компьютерлер).

7. Сыртқы ақпарат тасымалдағыштар (ақпаратты сақтаудың магниттік, электрондық және оптикалық құрылғылары, қағаз ақпарат тасымалдағыштар).

8. Жеке пайдалануға арналған заттар, жеке гигиена заттарынан басқа, бір түрдің 2-ден астам данасы.

9. «ҮМЗ» АҚ-ға тиесілі емес транзиттік жүктер.

«ҮМЗ» АҚ қорғалатын аумағына рұқсатсыз енгізуге (әкелуге)
тыйым салынған заттар мен нәрселердің тізбесімен»
танысу туралы тіркеу нысаны

№ р/б	ТАӘ	Контрагент	Қолы	Күні
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7…				

_____ ж.
№ _____ Шартқа
№3 қосымша

Қалдықтарды басқару саласындағы кәсіпорындар қызметінің аудит сауалнамасы

№ р/б	Сұрақ	Жауап
1	**Қайтара қолдану**	
1.1	Қалдықтар дайындалғаннан кейін (тазалау, жөндеу) сол мақсатта қайта пайдалануға беріле ме?	Иә/жоқ
1.2	Олай болса, қалдықтардың қандай түрлері қайта пайдалануға беріледі?	Көрсету
1.3	Қалдықтар кімге қайта пайдалануға беріледі?	Ұйымның атауы мен БСН көрсету
1.4	**Қайта өңдеу (пайдалы компоненттерді шығару арқылы)**	
2	Қалдықтарды қайта өңдеу жұмыстары жүргізіле ме?	Иә/жоқ
2.1	Олай болса, қалдықтардың қандай түрлері қайта өңделеді??	Көрсету
2.2	Қалдықтарды қайта өңдеу қандай әдістермен жүзеге асырылады?	Көрсету
2.3	Қалдықтарды қайта өңдеу өз бетімен жүргізіле ме? Жүргізілмеген жағдайда ұйымның атауы мен БСН көрсетіңіз	Иә/жоқ Ұйымның атауы мен БСН көрсету
2.4	Қалдықтарды қайта өңдеуге арналған қондырғыларды көрсетіңіз (маркасы, өндіруші)	Көрсету
2.5	Қондырғылар кімге тиесілі?	Ұйымның атауы мен БСН көрсету
2.6	Қалдықтарды қайта өңдеу бойынша нақты операцияны сипаттайтын құжаттар (әдістемелер/ нұсқаулықтар/ регламенттер) бар ма? Егер құжаттар бар болса, оларды ұсыну мүмкін бе?	Иә/жоқ Қоса ұсыну
3	**Кәдеге жарату (энергия алу арқылы / құрылыс мақсаттары үшін)**	
3.1	Қалдықтарды кәдеге жарату жұмыстары жүргізіле ме?	Иә/жоқ
3.2	Олай болса, қалдықтардың қандай түрлері кәдеге жаратылады?	Көрсету
3.3	Қалдықтарды кәдеге жарату қандай әдістермен жүзеге асырылады?	Көрсету
3.4	Қалдықтарды кәдеге жарату өз бетімен жүргізіле ме? Егер олай болмаса, ұйымның атауы мен БСН көрсетіңіз	Иә/жоқ Ұйымның атауы мен БСН көрсету
3.5	Қалдықтарды кәдеге жарату қондырғыларын көрсетіңіз (маркасы, өндіруші).	Көрсету
3.6	Қондырғылар кімге тиесілі?	Ұйымның атауы мен БСН көрсету

3.7	Қалдықтарды кәдеге жарату бойынша нақты операцияны сипаттайтын құжаттар (әдістемелер/ нұсқаулықтар/ регламенттер) бар ма? Егер құжаттар бар болса, оларды ұсыну мүмкін бе?	Иә/жоқ Қоса ұсыну
4	**Көму**	
4.1	Қалдықтарды көму жұмыстары жүргізіле ме?	
4.2	Олай болса, қалдықтардың қандай түрлері көміледі?	
4.3	Жеке көму полигоны бар ма: 1 – қауіпті қалдықтардың 2 – қауіпті емес қалдықтардың 3 – ҚТҚ арналған Егер жоқ болса, қалдықтарды көмуге арналған полигон/полигондар кімге тиесілі?	 Иә/жоқ Иә/жоқ Иә/жоқ Ұйымның атауы мен БСН көрсету
4.4	Қалдықтарды көмуге арналған полигонның/полигондардың тұрған жерінің мекенжайы	Көрсету
5	**Жою (энергия мен пайдалы компоненттерді алусыз)**	
5.1	Қалдықтарды жою жұмыстары жүргізіле ме?	Иә/жоқ
5.2	Олай болса, қалдықтардың қандай түрлері жойылады?	Көрсету
5.3	Қалдықтарды жою қандай тәсілдермен жүзеге асырылады?	Көрсету
5.4	Қалдықтарды жою өз бетімен жүргізіле ме? Егер жоқ болса, ұйымның атауы мен БСН көрсетіңіз	Иә/жоқ Ұйымның атауы мен БСН көрсету
5.5	Қалдықтарды жоюға арналған қондырғыларды көрсетіңіз (маркасы, өндірушісі)	Көрсету
5.6	Қондырғылар кімге тиесілі?	Ұйымның атауы мен БСН көрсету
5.7	Қалдықтарды жою бойынша нақты операцияны сипаттайтын құжаттар (әдістемелер/ нұсқаулықтар/ регламенттер) бар ма? Егер құжаттар бар болса, оларды ұсыну мүмкін бе?	Иә/жоқ Қоса ұсыну
6	**Қауіпті қалдықтар**	
6.1	Сіздің кәсіпорныңыз қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру шараларын жүргізе ме?	Иә/жоқ
6.2	Олай болса, қауіпті қалдықтардың қандай түрлері залалсыздандырылады?	
6.3	Олай болса, қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру қандай әдістермен жүзеге асырылады?	
6.4	Қалдықтарды залалсыздандыру өз бетімен жүргізіле ме? Егер жоқ болса, ұйымның атауы мен БСН көрсетіңіз	Иә/жоқ Ұйымның атауы мен БСН көрсету
7	**Жалпы сұрақтар**	
7.1	Жер учаскесін иелену немесе пайдалану құқығына арналған	Қолда барын көрсету

	құжаттар (жер пайдалану құқығына арналған акт, жалдау шарты және т. б.)	
7.2	Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы немесе қоршаған ортаға әсері туралы декларацияның қабылданғаны туралы растайтын құжаттар (талон)	Қолда барын көрсету
7.3	Жұмыстарды жүргізудің технологиялық регламенті немесе мамандандырылған кәсіпорынның бірінші басшысының мөрімен және қолымен расталған жұмыстарды орындау технологиясы мен тәртібін сипаттайтын басқа құжат	Қолда барын көрсету
7.4	Қалдықтарды басқару бағдарламасы	Иә/жоқ
7.5	Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы	Иә/жоқ
7.6	Қызметтің тиісті кіші түрі бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензия	Қауіпті қалдықтарды басқару кәсіпорындары
7.7	Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне енгізу арқылы қызметтің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарламаны қабылдау туралы талон	Қауіпсіз қалдықтарды басқару кәсіпорындары
7.8	Қауіпті қалдықтарды мамандандырылған көлікпен тасымалдауға уәкілетті орган берген рұқсат	Қауіпті қалдықтарды басқару кәсіпорындары
7.9	«Коммуналдық қалдықтарды жинау және әкету туралы есеп» нысаны бойынша бастапқы статистикалық деректер	Коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару жөніндегі кәсіпорындар
7.10	«Қалдықтарды сұрыптау, кәдеге жарату және сақтау туралы есеп»	ҚТҚ полигондарының операторлары
7.11	Полигонды тарату жөніндегі жоба және қалдықтарды орналастыру полигонының тарату қорын құруды растаушы құжат	Полигондардың операторлары
7.12	Қалдықтарды орналастыру полигонына қызмет көрсететін кәсіпорынмен шарт (қалдықтардың қандай да бір түрі көмуге берілген жағдайда, бірақ өзінің полигоны болмаған кезде)	Қалдықтарды кәдеге жаратуды немесе қайта өңдеуді жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін
7.13	Қайта өңдеуге/кәдеге жаратуға/көмуге/жоюға дейін қалдықтар қайда сақталады?	
7.14	Кәсіпорында қолданылатын өлшеу құралдарын тексеру және/немесе калибрлеу туралы сертификаттар.	Олар болған жағдайда
7.15	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қоршаған ортаға әсер ету мониторингін жүргізу туралы жыл сайынғы есеп	Полигондардың операторлары
7.16	Кәсіпорынның техникалық басшылары мен мамандарының біліктілігін және қалдықтармен жұмыс істеу саласында арнайы даярлықтан өткенін растайтын құжаттар	Көрсету
7.17	Қалдықтармен жұмыстарға жіберілетін тұлғалардың нұсқаулықтарды, қауіпсіздік техникасы және қалдықтармен жұмыс кезінде жеке гигиена шаралары жөніндегі технологиялық регламенттердің талаптарын сақтау бойынша	Көрсету

	жергілікті жерлерде оқудан өткенін растаушы құжаттар	
7.18	Жүргізушінің қауіпті жүкті тасымалдауға, тиісті санаттағы көлік құралын басқару, жалпы медициналық куәландырудан өту құқығына рұқсат беру туралы куәлігінің болуы	Қауіпті қалдықтарды басқару кәсіпорындары
7.19	Қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі өз нұсқаулықтарының/регламенттерінің болуы (тасымалдау, сұрыптау, сақтау, қайта өңдеу, кәдеге жарату, көму, жою және т. б.)	Қолда бар ішкі нормативтік құжаттарды аудару
7.20	Кәсіпорында қалдықтарды өңдеуге қатысты қандай нормативтік құжаттар (стандарттар, әдістемелер, техникалық регламенттер, халықаралық талаптар) қолданылады	Қолданылатын құжаттарды көрсету
7.21	Тұрғындардың, қоғамдық ұйымдардың шағымдарының болуы	Бар / жоғын көрсету Болған жағдайда шағымдарды қарау және ескертулерді жою нәтижелері туралы мәліметтер

_____ ж.
№ _____ Шартқа
№ 4 қосымша

Қалдықтарды басқару әдістері бойынша сауалнама

Г.1 кесте - Қалдықтармен жұмыс істеу тәсілдері мен әдістерінің тізбесі

№ р/б	**Басқару тәсілі**	**Басқару тәсілі**
1.	Сол мақсатта қайта пайдалануға дайындық	1.1 Жағдайын тексеру 1.2 Тазарту 1.3 Жөндеу 1.4 Басқасы болса, көрсетіңіз
2.	Қайта өңдеу (пайдалы компоненттерді алу)	2.1 Әдіс пен технология көрсетілген механикалық процестер 2.2 Әдіс пен технология көрсетілген физикалық процестер 2.3 Әдіс пен технология көрсетілген химиялық процестер 2.4 Әдіс пен технология көрсетілген биологиялық процестер 2.5 Басқасы болса, көрсетіңіз
3.	Кәдеге жарату (қайта өңдеуден бөлек басқа процестер)	3.1 Жылу немесе электр энергиясын алу арқылы жағу 3.2 Отын өндірісі 3.3 Ландшафттарды құру немесе өзгерту кезінде инженерлік мақсатта жердегі қазылған кеңістіктерді (бос орындарды) толтыру, құрылыс мақсаттары үшін. 3.4 Басқасы болса, көрсетіңіз
4.	Көму	4.1 Оларды алу ниетінсіз
5.	Жою (энергия алусыз)	5.1 Әдіс пен технологияны көрсете отырып, термиялық процестер жолымен жою 5.2 Әдіс пен технологияны көрсете отырып, химиялық процестер жолымен жою 5.3 Әдіс пен технологияны көрсете отырып, биологиялық процестер жолымен жою 5.4 Басқасы болса, көрсетіңіз
6.	Басқасы	Процедураны жазып көрсету

Г.2 кесте – Толтыру (Г.1-кестеден жүгіну әдісі мен тәсілінің кодтарын көрсету)

№ р/б	**Қалдық түрі**	**Басқару тәсілі** (Г.1 кестесінен код таңдау)	**Басқару тәсілі** (Г.1 кестесінен код таңдау)	**Кім орындады** (көрсету: өз күшімен / қосалқы мердігерлік)
1				
2				

3				
4				

_____ ж.
№ _____ Шартқа
№ 5 қосымша

Қалдықтарды беру туралы актінің нысаны

«Бекітемін»
Лауазымы
«……..» ЖШС

қалдықтарды кәдеге жарату, көму, жою, қайта өңдеу немесе беру туралы
20___г. «___» _____ №_____ Акт

Біз, төменде қол қойғандар, *ТАӘ лауазымы*, _____ж. № ____ қабылдау-тапсыру актісі бойынша Орындаушыға Тапсырыс берушіден берілген қалдықтардың келесі түрлері бойынша жасалған _____ ж. № _____ Шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының экологиялық, санитарлық және өзге де нормалары мен талаптарына сәйкес кейінгі іс-шаралар өткізілгені туралы осы актіні жасадық

№ р/б	**Қалдықтың атауы**	**Саны, т.**	**Басқару әдісі**	**Өтініш бойынша кейінгі іс-әрекеттер**	**Соңғы іс-әрекеттер** (ұйымның атауы)
1					

_____ _____
Орындаушының қолы ТАӘ лауазымы

_____ ж.
№ _____ Шартқа
№6 қосымша

САТЫП АЛУШЫНЫҢ САУАЛНАМАСЫ

Контрагент **(сатып алушы/тұтынушы/тапсырыс беруші)**_____ ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің өзектілігі мен толықтығы туралы оларды ұсынған күннен бастап және осы хатты жасау сәтіне хабарлайды, сондай-ақ акционерлер/түпкі бенефициарлар (қатысушылар) туралы мәліметтердің өзектілігін растайды.

№ р/н	Атауы		Ұйым туралы мәліметтер
1	Ұйымның ұйымдық-құқықтық нысаны және атауы		
2	Ұйымның заңды мекен-жайы		
3	Ұйымның нақты мекен-жайы		
4	Ұйымның пошталық мекен-жайы		
5	Сайт (болған жағдайда)		
6	Тіркеу тіралы куәлік (күні, нөмірі, кім берді)		
7	Сәйкестендіру нөмірі		
8	Заңды тұлғаның жеке дара атқарушы органының лауазымына сайланған (тағайындалған) тұлғаның Т. А. Ә., лауазымы		
9	Ұйымның атынан әрекет етуге уәкілетті және өкілеттіктерін растайтын құжатты қоса бере отырып, заңды тұлғаларға қол қою құқығына ие басқа тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты		
10	Ұйым басшысының телефоны		
11	Жарғылық капиталдың мөлшері		
12	**Соңғы бенефициарға дейінгі** иелену құрылымы (ТАӘ, атауы, тіркеу орны, үлестер/акциялар құрамының %)		
13	Банк деректемелері (банктің атауы және мекенжайы, банктегі есеп айырысу шотының нөмірі, банктің телефондары, өзге де банк деректемелері)		
14	Қызмет түрлері (қысқаша)		
15	Ұйым лицензияларының тізбесі (егер қолданылса)	Нөмірі, күні, кім берді, қолданылу мерзімі	
		Қызмет түрлері	
		Нөмірі, күні, кім берді, қолданылу мерзімі	
		Қызмет түрлері	

16	Еншілес қоғамдар, филиалдар	Тұрғылықты орны	
		Қызмет түрлері	
17	Ұйым қатысуымен сот талқылаулары туралы мәліметтер		
18	Сатып алушының этика және комплаенс туралы кодексі (бар/жоқ)		

Контрагент (**сатып алушы/тұтынушы/тапсырыс беруші**) _____ «ҮМЗ» АҚ Корпоративтік Әдеп және комплаенс кодексімен танысқанын растайды және келісімшарттың/»Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың» қағидаларымен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларының сақталуымен келіседі.

Ұйым басшысы_____

(лауазымы, қолы, мөрі, Т.А.Ә.)

Толтырылған күні _____

Ауд. Молдаханова Д.

